

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Республиканский учебно-методический центр дополнительного
образования**

**«Білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақтың әлеуметтік
тәрбиесіндегі мұражай педагогикасының рөлі»
әдістемелік нұсқаулықтар**

**Методические рекомендации «Роль музейной педагогики в
социальном воспитании подрастающего поколения
в организациях образования»**

Астана 2014 г.

«Білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақтың әлеуметтік тәрбиесіндегі мұражай педагогикасының рөлі» (әдістемелік нұсқаулық) – ҚР БЖҒ РҚББОӘО әлеуметтік-педагогикалық бөлім – Астана, 2014., - 130 бет.

Әдістемелік нұсқаулықта қоғамның мәдениеті мен тарихи санасын тәрбиелеуге, қазақстандық отаншылдық пен азаматтылықты қалыптастыру сұрақтары бойынша білім беру ұйымдарының мұражайларының жұмыс тәжірибе жинақталған.

Аталмыш оқу құралына мұражайлардың қызметіне арналған ұсынымдар, бағдарламалар, мұражайдың құрылуы, оның жұмыс құрылымы мен қызметі туралы ақпараттар енді.

Әдістемелік ұсыныстар білім беру ұйымдарының жетекшілеріне (директорлар мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына) , сонымен бірге мектеп және мекемелік мұражай жетекшілері мен мұражай педагогикасы аумағында қызмет атқаратын жалпы және қосымша білім жүйесінің ұстаздарына, мұражай қызметкерлері мен сынып жетекшілеріне бағытталған.

Құрастырған:

Г. А. Күлкеева – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК әлеуметтік-педагогикалық бөлім жетекшісі.

Пікір жазған:

Ү. Д. Мұңалбаева -педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

«Роль музейной педагогики в социальном воспитании подрастающего поколения в организациях образования» (методические рекомендации) – социально-педагогический отдел РУМЦДО МОН РК – Астана, 2014., - 130 стр.

В методической рекомендации обобщен опыт работы музеев организаций образования по вопросам формирования казахстанского патриотизма и гражданственности, воспитания исторического сознания и культуры общества.

В данное пособие вошли информации о назначении музея, структуре его работы, рекомендации по его организации и функционированию, программы, методические рекомендации о деятельности музеев.

Методические рекомендации адресованы руководителям организации образования (директорам, заместителям директоров по воспитательной работе), а также руководителям школьных и ведомственных музеев, педагогам системы общего и дополнительного образования, работающие в области музейной педагогики, музейным работникам и классным руководителям.

Составитель: Кулкеева Г. А.- руководитель социально-педагогического отдела РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования».

Рецензент: Муналбаева У.Д. - доктор педагогических наук, профессор.

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014ж. 19.08. № 5 хаттама)*

© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2014

Мазмұны

Кіріспе	5
Анықтамасы мен терминдер жиынтығы	7
Мұражай педагогикасы мұражай қызметінің бір бағыты ретінде	9
Мұражай педагогикасының қалыптасу кезеңдері	12
1) Мұражай педагогикасы ғылыми тәрбиені қалыптастырушы ретінде	12
2) Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу кезеңіндегі мұражайлардың даму ерекшеліктері	14
Балалар арасында ғылымды дәріптеудегі халықаралық тәжірибе: әлемде	18
Қазақстандық балалар ғылыми бұлқынысы (ЭКСПО-17)	23
Электрондық мұражайлар – жарқын болашақтағы оқытудың тиімді құралы	28
Мұражай педагогикасы бойынша оқытушылық тәжірибені жинақтау	33
Қорытынды	42
Қосымшалар	44
Әдебиеттер тізімі	56

Содержание

Введение	65
Определение и терминология	67
Музейная педагогика как одно из направлений деятельности музея	70
Этапы становления музейной педагогики	72
1) Музейная педагогика как формирующаяся научная дисциплина	72
2) Особенности развития музеев в период обретения независимости Республики Казахстан	74
Международный опыт популяризации науки среди детей: в мире	78
Казахстанский детский наукоград (ЭКСПО-17)	83
Электронные музеи - эффективное средство обучения в ближайшем будущем	89
Обобщение педагогического опыта по музейной педагогике	93
Заключение	104
Приложения	106
Список литературы	130

*«Бүгінгі түсініп
болашақтың сызықтарын көру үшін
бізге өткенге үңілу қажет»*

Н. А. Назарбаев

Кіріспе

Әр елдің тарихы күннен-күнге қарқынды дамып келе жатқан әлемдегі халықтардың өзіндік болмысын айқындайды. Өткенді ой елегінен өткізіп, тарихтан тағылым алу – кез келген мемлекеттің стратегиялық дамуының негізі. Ұлттың өзіне тән ерекшелігін сақтап қалу үшін бүгінде тарихи құндылықтарды қамқорлыққа алу мәселесіне көптеп көңіл бөлінуде.

«Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты» деп атап өтті Президент Н.Ә.Назарбаев.

Мұражайлар – ел шежіресін, ата-бабамыздың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған рухани-мәдени мұрасын келер ұрпаққа жеткізетін бірден-бір орын.



Бұрынғы мұражайларға қарағанда қазіргі заманғы мұражайлардың қызмет аясы кеңейіп, функциялары жетіліп, рөлі артқан. Олар әр дәуірдегі жәдігерлерді сақтап, тарих тылсымына үңілуге мүмкіндік жасап қана қоймай, білім беретін коммуникативті ортаға айналуда.

Мұражайлар – мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету үшін құрылған,

мәдени, білім беру және ғылыми-зерттеу функцияларды жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын көпшілікке танытуды қамтамасыз етуге тиіс мәдениет ұйымдары («Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңынан үзінді, 25-бап) [1].

Қазақстан Республикасындағы мұражайлар қызметі қазіргі уақытқа дейін «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы»



1992 жылғы 2 шілдедегі № 1488-ХІІ ҚР Заңымен (20.12.2004 ж., 21.07.2007 ж. өзгерістермен) және «Мәдениет туралы» 1996 жылғы 24 сәуірдегі ҚР заңымен

(«Мәдениет туралы» 1996 жылғы 24 сәуірдегі ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 27 мамырдағы № 280-IV Қазақстан Республикасының Заңы) [1] реттеледі.

«Музей» (мұражай) сөзі гректің «museion» және латынның «museum» - «храм» деген сөзінен шыққан. Музей – тұрақты орны бар, ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін, ел игілігі үшін қызмет атқаратын мекеме. «Мұражайлар экспонаттарды жинайды, сақтайды, зерделейді және адамды оқу, танымдық және рухани жағынан байыту мақсатында көрмелер мен презентациялар өткізеді» – міне, Халықаралық мұражайлар кеңесінің (*International Council of Museums - ICOM*) жарғысында осындай анықтама берілген [5].

ICOM экс-президенті Жак Перо айтқандай, «мұражайлар халықтың жүрегінен орын алуы және қоғамға есігін айқара ашуы тиіс». Мұражай мен қоғам шығармашылық және инновациялар рухында бірлесіп жұмыс істеуі қажет.

Әдетте, балалар аудиториясы мұражай қызметінің басым санаты болып табылады. Сондықтан бүгінде баланы жастайынан, қоршаған әлемді тани бастаған сәттен бастап мәдениетке баулу қажет екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Мұражайлар білім мен тәрбие берудің таптырмас жолы, өйткені онда түпнұсқа тарихи құжаттар сақталады.

Оқушыны отансүйгіштік, азаматтық сана-сезім, жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін осы әлеуетті тиімді пайдалану мектеп мұражайының маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген халқымыз. Отаныңды жоғалтқаның – өзінді жоғалтқаның. *Адам өз тағдырын халқымен, отанымен біте қайнастыра сезініп, өзін оның өркендеуіне, рухани гүлденуіне жауапкер санауы тиіс.*

Педагогтің басты міндеті – өскелең ұрпақты патриоттыққа, яғни, ата-бабамыздан қалған мұраны қастерлеуге, Отанға деген сүйіспеншілікке, салт-дәстүрлерді сақтауға тәрбиелеу; оқушылардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру.

Білім беретін мектептердің бейресми оқу бөлімшесі бола отырып, мектеп мұражайлары Қазақстанның мұражайлар желісінің өзінше бір бөлігі ретінде қызмет етуде.

Мектеп мұражайлары білім мекемесіне оқушылардан, ата-аналар мен педагогтер қауымынан келіп түсетін әлеуметтік тапсырысқа жауап ретінде және өзіндік іздеу-жинау және зерттеу қызметінің нәтижесі ретінде пайда болады.

Мектеп мұражайының оқу-тәрбие процесіндегі үлкен тәрбиелік рөлі мен маңызын ескере отырып, білім беру ұйымдарының басшылары мектеп мұражайының рөлін арттыруға, мұражайдың экспозицияларын байытуға, мазмұнын жаңартуға және мұражайлардың санын көбейтуге көңіл бөлуі тиіс.

Осы әдістемелік ұсыным өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіне үлес қосады деп үміттенеміз.

Анықтаулар және терминология

Әлеуметтік институт ретінде мұражайлар мынадай әлеуметтік функцияларды орындайды:

1. Ғылыми-құжаттамалық функция. Мұражайлар белгілі бір құбылыстарды, процестерді, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын ғылыми құжаттармен қамтамасыз етеді.

2. Қорғау функциясы. Мұражайлар ұлттық және әлемдік мәдениеттің мүддесі үшін мәдени-тарихи құндылықтарды қорғау міндеттерін орындайды.

3. Зерттеу функциясы. Мұражайлар ғылыми зерттеулердің ерекше орталықтары болып табылады.

4. Білімдік және тәрбиелік функция.

Мұражайлар әртүрлі бейінді болып келеді. Осыған байланысты олардың орындайтын функциялары да әртүрлі болмақ. Жалпы алғанда, мұражайтану ілімінде мұражайлар бірнеше түрге жіктеледі. Белгілі бір ғылым, техника, өнер саласына байланысына қарай мұражайларды мынадай топтарға бөлуге болады:

1) Тарихи мұражайлар – тарих ғылымдары жүйесіне негізделген барлық мұражайлар: кең тарихи бейіндегі, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, тарихи-экономикалық мұражайлар. Тарих бейініндегі мұражайлар білім беру-тәрбиелеу функциясын іске асыра отырып, қазіргі заманғы жастардың бойында тарихи патриоттық дүниетанымды қалыптастыруға елеулі үлес қосуға қабілетті.

2) Көркем мұражайлар – өнер тарихына және өнертануға қатысы бар барлық мұражайлар (сурет галереясы, мүсін өнері мұражайы, кино өнері мұражайы).

3) Жаратылыстану-тарихи мұражайлар – өз қызметінде жаратылыстану ғылымдарына сүйенетін мұражайлар. Бұл бейінге ботаникалық, биологиялық, зоологиялық, экологиялық мұражайлар жатады.

4) Техникалық мұражайлар. Техника ғылымдарымен, өндірісімен байланысты мұражайлар (авиация, тау-кен ісі, байланыс мұражайы).

5) Әдебиет мұражайлары. Әдебиеттің дамуына, ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығына арналған барлық мұражайлар.

6) Кешенді мұражайлар. Екі немесе одан да көп бейіндерді қамтитын тарихи-көркем, тарихи-сәулет мұражайлары. Әсіресе, тарихи, жаратылыстану-ғылыми және көркемдік бөлімдерді қамтитын өлкетану мұражайы кең таралған.

Өз кезегінде жалпы бейіндердің әрқайсысы шағын топтарға бөлінеді. Тарихи мұражайларды жалпы тарих, этнографиялық, қорық-мұражайлар, әскери даңқ мұражайларына бөлуге болады.

Бейінді таңдай отырып, мынадай факторларды басшылыққа алу қажет: қоғамдық қажеттілік;

мұражай мекемесінің орналасқан жері;

мұражай қорларының мазмұны мен көлемі.

Мұражай бөлмелерінде сақталатын заттар мен бұйымдардың типтері мен түрлерін және мекеме қызметінің түрлерін айқындайтын кейбір арнайы терминдерді анықтаудың маңызы зор.

Заттық деректер – мұражай заттарының типі. Утилитарлық мақсатқа арналған қолдан жасалған заттар. Заттық көздердің түрлері қандай материалдан (металл, ағаш, шыны, мата және т.б.) жасалғанына және қандай мақсатқа арналғанына қарай (нумизматика, қару, жиһаз және т.б.) бөлінеді.

Суреттеуші дереккөздер – ақпараттары көркемөнер, кино өнері туындылары мен түрлерінде, фото құжаттарда, графикалық құжаттарда болатын мұражай заттарының типі.

Мұражай коллекциясы – бір немесе бірнеше белгілері бойынша (дереккөз типі, пайда болған жері, қандай мақсатқа арналғанына қарай) жинақталған мұражай заттарының тобын білдіретін негізгі қордағы заттардың бір бөлігі.

Мәдени-білім беру қызметі – мұражай функциясының білім беру-тәрбиелеу функциясы іске асырылатын мұражай коммуникациясының маңызды компоненті және мұражай жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мұражайда және мұражайдан тыс жерлерде мұражай аудиториясымен тікелей байланыс арқылы жүзеге асырылады. Мәдени-білім беру қызметінің теориялық негізі мұражай педагогикасынан тұрады.

Мұражай заты – ел ішінен алынған, ғылыми және техникалық өңделген және мұражай қорына қосылған аса құнды (ғылыми, тарихи, көркемдік жағынан) және мұражайлық мәні бар заттар.

Макет – әдетте, қандай да бір себептерге байланысты мұражай экспозициясына орналастыруға келмейтін (қолданыстағы объект, ауқымы үлкен объект болып табылатын, не болмаса жоғалған және т.б.) объектілерді көлемді етіп қолдан жасау. Макет белгілі бір көлемде орындалады және түпнұсқаға ұқсатып жасалады. Бұл, әсіресе, әскери-тарихи мұражайлардағы ұрыс-соғыс алаңдарының макетіне тән.

Мұражай экспозициясы - бұл мұражайдың таңдап алынған тақырыбын ашу мақсатында мұражай заттарын белгілі бір кезектілікпен көрсету, демонстрациялау. Мұражай экспозицияларын құрастырудың әртүрлі қағидаттары бар. Солардың ішінде тарихи-хронологиялық қағидат кең таралған. Бұл қағидат бойынша экспозицияның әр бөлімі белгілі бір құбылысты рет-ретімен көрсетеді. Экспозицияны құрастырудың екінші қағидаты – тақырыптық. Бұл қағидат экспозициялық материалдың жекелеген тақырыптарын белгілі бір ретпен құрастыру арқылы мұражай кешінінің тақырыбын ашуды қарастырады. Мұражай кешенінің бейберекет көрінуін қаламасаңыз, өзіңізді қызықтырған мәселелер бойынша мемлекеттік мұражай қызметкерінен кеңес алғаныңыз жөн.

Раритет – құны, ең алдымен, сирек кездесуіне байланысты анықталатын бағалы заттар. Қазіргі заманғы мұражайтануда күнделікті кездесетін типтік заттардан және бірегей (уникум) туындыдан айырмашылығы «раритет» термині

негізінен бірнеше данада ғана кездесетін заттарға қолданылады (мысалы, алғашқы баспа кітаптар).

Реликвия – әдетте, халықтың, мемлекеттің, діннің тарихында маңызды рөл атқарған тұлғаларға немесе оқиғаларға қатысты ерекше қастерлі мемориалды зат. Қазақстанның мұражайларында сақталатын реликвиялар даңқты қолбасшылардың, сонымен қатар қарапайым, аты беймәлім жауынгерлер мен адамдардың есімдерімен байланысты, ерліктің, қаһармандықтың шынайы үлгісін көрсететін тарихи ескерткіштер.

Ғылыми-көмекші материалдар – мұражай заттарының ақпараттық әлеуетін ашу, оларды зерделеу және интерпретациялау үшін пайдаланылады, мысалы: карталар, схемалар, сызбалар, диаграммалар, кестелер т.с.с. Ғылыми-көмекші материалдардың жаңа типі – электронды жеткізгіштердегі материалдар. Мұражайға қойылған заттардың құрамында ғылыми-көмекші материалдар қоры құрылады, оған мұражай заттарының көшірмелері де кіреді.

Ғылыми-зерттеу қызметі – мұражай қызметінің негізгі бағыттарының бірі, мұражай жұмысының маңызды бөлігі. Ғылыми зерттеулердің нәтижесі оның ғылыми-қор, экспозициялық және мәдени-білім беру қызметінің деңгейін анықтайды.

Жазба деректер – нақты тарихи деректерді тануға көмектесетін, жазу-сызу арқылы бүгінгі күнге жеткен мұражай заттары. Жазба деректер мазмұны, шығу тарихы, берілу тәсілі, сондай-ақ типтері мен түрлері бойынша бөлінеді. Мұражайда нысаны бойынша қолжазбалар, кітаптар, бланкілер, газет-журналдар топтастырылады.

Мұражай жиынтығы – мұражайдың негізгі қордағы заттарының жиынтығы, сондай-ақ ғылыми тұрғыда жинақталып өңделген ғылыми-көмекші, кітапханалық, қор мұрағаттары материалдары.

Мұражай қорлары – мұражай заттарының және ғылыми-көмекші материалдардан тұратын мұражай жиынтығының бір бөлігі.

Экспонат – жұртшылықтың тамашалауына қойылған заттар. Экспонаттарға экспозицияға қойылған мұражай заттары, туындылар, ғылыми-көмекші материалдар жатады.

Уникум – бірегей, қайталанбас, көркемдік, ғылыми, тарихи құндылығымен ерекшеленетін заттар. Уникумның түрлеріне айрықша бағалы мемориалдық заттар мен реликвиялар жатады. Қалыпты құбылыс болғанымен, бір ғана данада (немесе азғана данада) сақталып, бүгінгі күнге жеткен заттар да уникал деп аталуы мүмкін.

Мұражай педагогикасы мұражай қызметі бағыттарының бірі ретінде

Қазіргі уақытта мұражай педагогикасы мұражай қызметі бағыттарының бірі ретінде бірыңғай білім беру процесінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, тарихи-өлкетану бойынша тәрбиелеу практикасына еніп келеді. Мұражай мен мектептің ынтымақтастығына бағытталған білім беруді гуманитарлық жаңартуға, мектептегі тақырыптық әуеской мұражайларды

құруға деген ұмтылыс – ХХІ ғасырдағы жаңа білім беру парадигмасының мәні болып табылады [7].

Педагогикалық сөздікте мұражай педагогикасына мынадай анықтама берілген:

«Мұражай педагогикасы» – мұражай тарихын, оның мәдени-білім беру қызметінің ерекшеліктерін, мұражайлардың әртүрлі санаттағы келушілерге әсерін, мұражайлардың білім беру мекемелерімен бірлескен іс-қимылын зерттейтін ғылым саласы.

Мұражай педагогикасының нысанасы мұражайдың мазмұнына және оның педагогикалық жағынан әсер ету әдістері мен формаларына, халықтың әртүрлі санатарына әсер ету ерекшеліктеріне, сондай-ақ мұражайдың білім беру мекемелері жүйесінде алатын орнына байланысты проблемалар болып табылады.

Осылайша, мұражай педагогикасы мұражайтану, педагогика, психологияның тоғысқан жерінде қалыптасады.

Мұражай педагогикасының мақсаты: мектеп мұражайының көп қырлы қызметіне қосу арқылы жеке тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау.

Мұражай педагогикасының міндеттері:

мектепті құрметтеуге, мектеп мұғалімдерін, қызметкерлерін сыйлауға тәрбиелеу;

туған өлкені сүйуге және оның гүлденуіне үлес қосып жүрген адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу;

өзіндік сана-сезімді, өмірлік белсенді ұстанымды қалыптастыру, қоршаған ортаға бейімделе білуге тәрбиелеу;

тұлғаның шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту, бейімі мен қызығушылығына сәйкес өзін-өзі көрсете білуіне, өзінің қайталанбас ерекше қабілетін анықтауына жағдай жасау;

мұражай практикасында балалар мен ересектердің бірлескен қызметін қалыптастыру.

Оқу сабақтарының жаңа типін меңгерту, мұражай педагогінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Мектеп мұражайы қызметінің бағыттары

Іздестіру-жинау

Бұл бағыт оқушыларға өздерін зерттеу қызметінде зерттеушілік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу шеңберінде оқушыларды қызықтыратын кез келген тақырыпты дайындауға бапалы

Экспозициялық (ресімдеу)

Экспозиция жасау – бірнеше кезеңнен тұратын күрделі процесс:

- болашақ экспозицияның тұжырымдамасын әзірлеу;
- экспозицияның архитектуралық-көркемдік

Экскурсиялық

алдына ала белгіленген тақырыппен арнайы маршрут бойынша жауапты адамның жетекшілігімен мұражайды ұжым болып тамашалау

Мәдени-көпшілік іс-шаралар

Экспозиция бойынша сабақтар мен экскурсияларды, Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен, атақты ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесулер өткізу, жергілікті халықпен жұмыс.

Мектеп мұражайының қызметінде оқу процесінде мұражай материалдарын пайдалану арқылы өткізілетін жұмыстардың әртүрлі формалары мен әдістерін, жұмыстың мазмұны заманға сай жаңа формалармен толығып жатқанын байқауға болады.

Көпшілікпен өтетін жұмыс формаларына театрландырылған экскурсиялар, кездесулер, олимпиадалар, викториналар, тарихи оқиғаларға қатысушылармен және оның куәгерлерімен кездесулер, өлкетану ойындары, мектеп конференциялары, дебаттар, дәрістер, басқа мұражайларға және қалаларға бару.

Жұмыстың топтық формаларына үйірмелер, қоғамдар, журналдар шығару, бейнефильмдер жасау, қаланың, облыстың картасы бойынша техникалық немесе ауызша (тірі) дыбыстық сүйемелдей отырып мұражайлық экскурсиялық және жеке-білім беру маршрутын жасау жатады. Олар педагогтің жетекшілігімен дайындалады, оны оқушылардың өздері түсіріп, монтаждайды. Мұндай бейнефильмдерді кейіннен сыныпта және сабақтан тыс, сыныптан тыс жұмыстарда пайдалануға болады.

Жеке жұмыс мұрағаттардың деректі материалдарымен жұмысты, баяндамалар, рефераттар дайындауды, естеліктерді таспаға түсіруді, зерттелетін халықтың өмірі мен тыныс-тіршілігіне бақылау жасауды, танымдық тапсырмалар орындауды, ғылыми жұмыстар жазуды, ардагерлермен хат алмасуды, оқушылардың жеке көрмелерін ұйымдастыруды, мектеп мұражайындағы экспонаттармен қала, облыс, республика бойынша жеке-білім беру маршрутын әзірлеуді, ауызша әңгімелеу барысында оқушыларға экспонатты «сөйлетуге» көмектесетін эпистолярлық және әдеби материалдар іздестіруді білдіреді.

Алайда, жұмыстың бір формасы екіншісімен байланысты болмаса, іс оңға баспайды. Сондықтан көпшілікпен жүргізілген жұмыстар үйірмелерге, ал үйірме жұмысының нәтижесінде жалпы мектептік кештерге, конференцияларға ұласады.

Тәрбие қызметінің табысты болуы, ең алдымен, педагогтің балалардың танымдық қызығушылығын қаншалықты дамыта, қолдай білетініне, шығармашылық орта құра алатынына байланысты. Сол себепті қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратын қазіргі заманғы мектептің басты мақсатына айналған оқу-тәрбие процесіне мұражай педагогикасын енгізуге, өскелең ұрпақтың бойында азаматтық және патриоттық сезім алыптастыруға көп көңіл бөлу қажет.

Мұражай педагогикасының қалыптасу кезеңдері

Мұражай педагогикасы қалыптасып келе жатқан ғылыми пән ретінде

«Мұражай педагогикасы» ұғымы XX ғасырдың басында Германияда қалыптасып, ғылыми айналымға енген. Ол А. Лихтварк, А.Рейхвен, Г.Фройденталь есімдерімен тығыз байланысты.

Алғашында бұл ұғым негізінен білім алушылармен жұмысқа бағдарланған мұражай қызметінің бағыты ретінде түсіндірілген. 1913 жылы Мангейм қаласында «Мұражай білім және тәрбие мекемесі ретінде» тақырыбында өткен конференцияда А. Лихтварк алғашқы болып мұражайдың білім берудегі міндеті туралы идеяны қалыптастырып, мұражайға келушімен қарым-қатынастың жаңа тәсілін ұсынды.

Практикада «мұражай диалогы» әдісін іске асыра отырып, ол алғаш рет мұражайға келушінің өнер туындысымен кеңінен танысуына көмектесетін дәнекер адамдар рөлінің негізін қалады (кейіннен мұндай адамдар мұражай педагогі деген атқа ие болды).

Білім мен зерттеулердің ерекше саласы ретінде мұражай педагогикасы 1960 жылдары қалыптаса бастады, оған мұражай педагогикасының қоғамдағы әлеуметтік рөлінің өсуі және оның демократиялануы ықпал етті. Осының арқасында бұрын тасада қалып келе жатқан аудиториямен жұмысқа лайықты назар аударылды. Екінші кезеңде мұражай педагогикасының дамуына неміс тілді елдер үлес қосып, онда бірқатар мұражай-педагогика орталықтары пайда бола бастады.

Жалпы практикалық сипаттағы орталықтар қызметі ғылыми зерттеулердің жандануына алып келді, бұл жаңа ғылымның пайда болуына ықпал етті. Мұражай педагогикасының мәні және оның ұғымдық аппараты туралы түсінік қалыптастыру үшін 1970-1980 жылдары болған, жетекші батыс германдық мұражайтанушылар Р.Ромедер, А.Кунц, В. Клаузевиц және тағы басқалар қатысқан пікірталастардың маңызы өте зор. Соның нәтижесінде мұражай педагогикасы ұғымы кеңірек баяндалып, оның мұражайдың зерттеу, экспозициялық, жинау жұмыстарымен байланысы ұғыныла бастады.

Қайткен күнде де осы кезеңдегі зерттеулер мұражай педагогикасы ұғымын әртүрлі түсіндіретінін анықтап, оны қалыптасып келе жатқан ғылыми пән ретінде қарастыруға болатынын дәлелдеді.

Германиядағы мұражай педагогикасы бойынша қысқаша курс бұл ұғымның қарапайым қызмет түрінен бастап ғылыми пән деңгейіне дейін дамығанын көрсетті.

Кеңес одағында мұражай педагогикасы ұғымы 1970 жылдардан бастап қолданылып, бірте-бірте кеңінен тарай бастады.

Аврам Моисеевич Разгон 1982 жылы Ивановода «Мұражай және мектеп» тақырыбында өткен конференцияда алғаш болып «сан түрлі ғылымның тоғысқан жерінде тұрған мұражай педагогикасы сияқты ғылыми пәнді құру келешектің еншісінде емес, тап бүгін қолға алатын практикалық міндет» екенін

айтты. Оны жеке ғылыми пән ретінде бөліп қарау мұражайлардың білім беру қызметін теориялық жағынан жаңаша пайымдаудың және шектес ғылымдар жетістіктерінің негізінде оның сапасын арттырудың қажеттілігіне байланысты болды.

Мұражай педагогикасын әзірлеу үшін маңызды тарихи алғышарттар болды. Шын мәнісінде, отандық мұражай педагогикасы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында орыстың экскурсиялық мектебінің негізін қалаушылардың (Н.А. Гейнике, И. М. Гревс, Б.Е. Райков), педагогикалық, мектеп және балалар мұражайын құру мақсатында кеңінен пайдалануды жақтаушылардың (М.В. Новорусский, В. Коховский, М.С. Страхова, Н.А. Флеров, Ф. И. Шмит, Н. Д. Бартрам, А.У. Зеленко) еңбектерінде, сондай-ақ А.В.Бакушинский және оның шәкірттері құрған көркем мұражайлардағы эстетикалық тәрбиенің тұтас жүйесінде толық негізделіп, қалыптаса бастады.

Мұражай педагогикасының ғылыми пән ретінде қалыптасу кезеңінде аталған ғалымдардың әлем мәдениетіне, тарихына, рухани құндылықтарға сүйене отырып, білім беруді гуманизациялау және гуманитарландыру идеяларына негізделген, 1980 жылдардың соңына қарай қалыптасқан жаңа педагогикалық ой-пікір тұжырымдамасы арқылы жетілген көзқарастары маңызды болды.

Мұражайлардың тәрбиелеу әлеуетін ғылыми философиялық, педагогикалық, психологиялық, мәдениеттану зерттеулері бойынша бағалауға болады. Мұражай педагогикасын ғылыми пән ретінде әлемнің барлық ғалымдары мойындаған (Й. Аве, А.Г. Бойко, Е.В. Бондаревская, М.Б. Гнедовский, А. Кунтс, К. Пацвалл, Н.Ф. Рева, М.Ю. Юхневич, К. Фризен, В. Хильгерс, Р. Якушек, С. Мамедов, У. Ыбраева, А. Кубеев және т.б.).

Мұражай педагогикасының азаматтық тәрбиелеу процесіндегі рөлін зерттеуге М.Ю. Билявов, Е.Н. Корчагин, М.В. Соколова, М. Куляшев, И. Сабыржанов сияқты және т.б. ғалымдар көңіл бөлді.

Мұражай педагогикасының зерттеу нысанасы ретінде қарастырылатын мұражай коммуникациясына айрықша назар аударылады (А. Александер, В. Глузинский, М.Б. Гнедовский, Ю. Каграманов, Д.Ф. Камерон, Н.А. Никишин, Д. Портер, Ю. Родемер және А. Ыбраев, О. Сатпаев т.б.).

Мұражай педагогикасының әртүрлі жастағы балалардың әлеуметтенуіндегі рөліне де зерттеушілер өз еңбектерін арнаған. Педагогика мен жас ерекшеліктер педагогикасында тұлғаның әртүрлі жас кезеңдеріндегі әлеуметтік жағынан кемелдену проблемаларына арналған бірқатар зерттеулер жинақталды (К.А. Абульханова-Славская, В.С. Мухина, В.А. Петровский, Д.И. Фельдштейн, Э. Эриксон және т.б.).

Кіші мектеп жасы «Мен-тұлғасының», «Мен-тұжырымдамасының» қалыптасуы (Р. Берне, И.С. Кон және тебе); әлем бейнесі (Т. Шибутани); «универсалды құндылықтың» пайда болуы (Н.И. Непомнящая); «Өзімді тану» рефлексивті ойлаудың пайда болуы (В.В. Давыдов, Г.А. Цукерман) сияқты жаңадан пайда болған ұғымдар үшін сензитивті болып келетіні айтылады.

7-8 жастағы балалар үшін олардың сана-сезімінде өмірдегі мақсаттың пайда болуы (Э. Эриксон); әлеуметтік кемелдену (А.А. Гудзовская); әлеуметтік тәжірибені меңгеру (Н.Ф. Голованова); қоғамдық себеп-салдарлардың пайда болуы (Я.Л. Коломинский) және басқалар тән.

Кіші мектеп жасындағы бала алғаш мектепке барған кезде қоғам тарапынан оның әлеуметтік жағынан кемелденуіне алғаш рет міндетті талап қойылады (Л.И. Божович, Р.В. Овчарова және т.б.).

Осылайша, кіші мектеп жасы психологиялық-педагогикалық теорияда тұлғаның қалыптасуындағы ең маңызды жас кезеңі, әрі қарай әлеуметтік және тұлғалық дамуына алғышарт жасалатын кезең ретінде қарастырылады (А.Валлон, 1967).

Тарихтың әртүрлі кезеңінде мектеп мұражайлары өрлеу және құлдырау кезеңдерін бастан өткерді, біресе оларды мемлекеттік мұражайлар желісінің маңызды резерві ретінде мойындаса, біресе ескіліктің қалдығын насихаттаушы ретінде оларға қарсы күрес жүргізілді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған кезеңіндегі мұражайлардың даму ерекшеліктері



елдерінде 90 жылдары жүзеге асты.

XX ғасырдың 90 жылдарының басы – Қазақстанның мұражай ісі тарихындағы жаңа даму кезеңі. Бұл қазақ халқы үшін айтулы кезең болды: 1991 жылы Қазақстан егемен, тәуелсіз мемлекет атанды. Осы сәттен бастап Қазақстандағы мұражайлардың өзіндік даму жолы туралы айтуға болады. Оған мынадай сипаттар тән:

жұмыстың жаңа формаларын іздеу;
мұражай қызметінің мазмұндық жақтарын өзгерту;
ұлттық тақырыпқа бағдарлану;
ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзекті сипат беру;
мұражайлар жүйесін кеңейту; мұражайлардың жаңа типтерінің пайда болуы.

1999 – 2000 жылдардағы Қазақстанның мұражайлар қызметі мынадай сипаттарымен ерекшеленді:

халықаралық қорлар мен компаниялардың белсенді түрде қолдау көрсетуі;

«Сорос-Қазақстан» қорының және Қазіргі заманғы Сорос өнер орталығының (Алматы) бастамасымен мұражай қызметкерлері үшін семинарлардың өткізілуі; «Сорос семинарларына қатысу мүмкіндігі кәсіби деңгейдің өсуіне ғана емес, ойлау көкжиегін кеңейтуге ықпал етті [9, 48, 78-б.]».

авторлық мұражайлардың, балалар, үкіметтік емес ұйымдар мұражайларының, "виртуалды" мұражай жобаларының пайда болуына;

ағымдағы жоспарлы жылдық қызметпен қатар жобалық әдісті неғұрлым белсенді түрде пайдалануға;

тарихқа жеке тұрғыда мазасыздық танытуға, қабылдаудың тактильдік, дыбыстық, түстік, дәмдік тұрғыдағы тәсілдеріне екпін қою сияқты интерактивті әдістемелерді енгізу;

мәдениеттер, толеранттылық диалогының тақырыптарын ашу.

2001-2005 жылдары қаржыландырудың тоқтап, көптеген жобалардың іске асырусыз қалуына қарамастан, Қазақстан мұражайы дамуын жалғастыра берді, ол мынадай үрдістермен сипатталады:

мұражай туралы түсініктің ауысуы;

мұражайға келушілерге (мұражайдағы затқа емес) бағдарды күшейту;

мұражайдың тұлғаны қалыптастырудағы мәдени-білім беру қызметіне назар аудару;

"өмірге бейімді" жобаларды (ұзақ мерзімді бағдарламалар, білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық) іске асыру;

заманауи мұражайға келушілердің әлемді қабылдау ерекшеліктері ескерілетін жобаларды жасау және іске асыру (монтаждық-клиптік, витриналық), дәстүрлі емес экспозициялық шешімдерді пайдалану.

Қазақстанда мұражайлардың мәдени-білім беру қызметіне 2000-шы жылдардың басында назар аударыла бастады. Бұл, біріншіден, ақпараттық технологиялардың дамуымен және заманауи өркениет проблемаларының әлемдік жаһандану үрдістерімен, екіншіден, кеңестік мемлекеттердің даму проблемаларымен байланысты.

Қазақстан - өзінің тарихы мен мәдениетін жаңаша пайымдайтын жас мемлекет. Сонымен қатар Қазақстан - көпұлтты мемлекет, сондықтан қазақ халқының тарихына қызығушылық танытумен қатар, Қазақстандағы әртүрлі ұлттар өкілдерінің арасында толерантты қарым-қатынас қалыптастыру маңызды болып табылады.

Мемлекет саяси-экономикалық реформалардың қатаң талаптарында қалыптасу дәуірін өткере отырып, мұражайларға қаржылай қолдау көрсете алмады. Мемлекеттік қаржыландырудағы шектеулер мұражай туралы классикалық көзқарастармен және олардың қызметін жобалаудың дәстүрлі тәсілдерімен оңайлықпен үйлеспейтін жаңа функциялар мен қызмет түрлерінің тууына себеп болды.

Сонымен қатар, мемлекет басқа елдермен өмірдің әртүрлі салаларында, оның ішінде мұражай бойынша ынтымақтастық орната бастады. Елімізге шетелдік қайырымдылық қорлары келді, ал мұражай қызметкерлері басқа

елдердегі мұражайлардың тәжірибесіне нақты араласу мүмкіндігіне ие болды. «Мұражай және келуші», «мұражай және балалар» сияқты айқындалатын өзара қарым-қатынастардағы инновациялық идеялар мен тәсілдерді қайта қарау және олардың пайда болу қажеттіліктері туындады. Мұражайлардың мәдени-білім беру жұмысы жаңаша құрыла бастады. Алғашында балаларға арналған жобаларда пайдаланылатын коммуникациялық тәсіл кейіннен мұражайлар қызметінің барлық салаларында да қолданыла бастады.

Осылайша, бүгінгі күні Қазақстан мұражайларының заманауи мәдени-білім беру қызметін зерделеу мыңызды және мұражай ісін дамытудың перспективалық бағыттарының бірі ретіндегі мұражай педагогикасы саласындағы қызмет баса назар аударуды талап ететін аспектілердің бірі болып табылады.

2005 жылы елдегі мұражайлар тарихының жаңа беттері ашыла бастады. Ең алдымен, бұл жыл «алғашқы» деген сөзді пайдалануға қатысты оқиғалар мен құбылыстарға толы болды.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің Мұражайы ашылды.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайының атқарған жұмысы жоғары бағаланып, ғылыми-зерттеу мекемесі мәртебесін алды.

Ұзақ уақытқа созылған үзілістен кейін мұражай мамандарын кәсіби даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға деген қызығушылық туды: жыл сайын еліміздегі университеттерде «мұражайтану» мамандығы бойынша бакалавриат деңгейінде тегін 10 білім беру гранты бөлініп келеді. Қазақ мәдени саясат және өнертану институтында (Алматы) мұражай қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру курстары тұрақты түрде өткізіле бастады.

Сол 2005 жылы тәуелсіз мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңі аяқталып, оның біртіндеп даму сатысы басталған еді.

Ұлттық идея қажеттілігі, сондай-ақ ұлттық өзіндік сана мен толеранттылық идеяларының басты қозғаушы күші болып табылатын мәдени-білім беру құрылымдарын материалдық-қаржылық қолдау қажеттілігі туындайды. Оған мұражайдың да да жататыны сөзсіз.

«2004 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары» атты Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2004-2006) мұражайлардың қызметін жаңғыртудағы ынталандырушы факторға айналды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы 2005 жылы отандық мұражай ісінің тарихында алғаш рет конкурс бойынша аталған бағдарламаны іске асыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу құқығын жеңіп алды. Әрбір тақырып өзінің маңыздылығы мен өзектілігіне қарай ғылымның әртүрлі салаларымен өзара жанасатын мүлдем жаңа әрі өзіндік зерттеу болып табылады. Бұл ретте олар мұражайтанумен тікелей өзара әрекет етеді.

Аталған бағдарлама бойынша Қазақстанның басқа мұражайлары да жұмыс істейді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы өзінің өзектілігін, қажеттілігін және уақытылы қолға алынған бағдарлама екендігін көрсетті.

Қазіргі уақытта мұражайлар қоғамға барынша ықпал ете бастады, мұражай ісі практикасында айтарлықтай өзгерістер болды.

«Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені республика мұражайларын біріктіретін құрылым ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша 2001 жылғы 8 қыркүйекте ашылды.

«Экскурсия тобы» және «Мұражай педагогикасы» сияқты бөлімдер келушілерге мұражайдың көненің көзі ғана емес, мәдени-білім беру бағытымен, адамгершілік, азаматтық және патриоттық тәрбиемен тығыз байланысты мұражайлық-педагогикалық қызметте үлкен тәжірибесі бар «тірі» организм екендігін сезіндіретін Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын танытады.

«Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені өскелең ұрпақпен жұмыс істеудің үлкен практикалық тәжірибесіне ие. Оның үстіне мұражай қызметкерлері әртүрлі нысандар мен әдістерді пайдаланады.

«Атамекеннің» мұражайлық-экскурсиялық бағдарламасы уақыт сынағынан өтіп, ата-аналар тарапынан жоғары баға алды. Мұражайдың экскурсиядан басқа мәдени-білім беру жұмысының базалық, классикалық нысандарына дәріс, кеңес беру, ғылыми оқылымдар (конференциялар, сессиялар, отырыстар және т.б.); клуб (студия, үйірме және т.б.), конкурстар (викторина, олимпиада және т.б.), кездесу кештері, мұражай мерекесі, мастер-класс жатады.

2013 жылы Астана қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетовтің және Астана қаласындағы мұражайлардың бастамасымен «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінің базасында «Қазақстан мұражайлары халықаралық кеңесі комитеті» құрылды (ИКОМ Қазақстан).

ИКОМ – табиғи және мәдени мұраны, бүгін мен ертеңді өзара байланыстыратын, материалдық және материалдық емес мұраны сақтаумен, дамытумен айналысатын мұражай мамандары мен мұражайлардың халықаралық ұйымы. ИКОМ ЮНЕСКО бағдарламасының мұражайларға арналған бөлігін қарастырады. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері Францияда, Париж қаласында орналасқан, ИКОМ хатшылығы, ИКОМ-ЮНЕСКО ақпараттық орталығы да сонда.

ИКОМ Қазақстан республикалық мұражайлардың халықаралық кеңесі комитетінің бастамасымен мұражай қызметкерлері мұражай саласы бойынша біліктілікті арттырудан өтеді, сондай-ақ әртүрлі форумдарға, конференцияларға, тренингтерге және т.б. қатысады. 2014 жылдан бастап ИКОМ Қазақстан Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттайтын «ИКОМ Қазақстан. Наследие музея Казахстана» атты жаңа ғылыми-танымдық журнал шығарады. Онда қазақстандық және шетелдік мұражайлар қызметі туралы ақпарат жарияланады.

Екі жыл бұрын Қазақстанда Астана қаласында «**Оқушылар сарайы**» қазіргі заманғы жоғары технологиялық мәдени-білім беру орталығы салынды. Бұл мекеменің қызметі оқушылардың интеллектуалдық және физикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

«Қазақстан мұражайлары өткен тарихи жол мұражайлардың ХІХ ғасырдағы мәдениет саласының жаңа ұйымдастыру нысаны ретінде ХХ ғасырдың қоғамдық өміріне енгенін және ХХІ ғасырдағы адами мұраның нышанына айналары сөзсіз екендігін куәландырады». Расында, тәуелсіздік алған кезеңдегі мұражайлардың даму ерекшеліктері көбінесе ХХІ ғасырда Қазақстандағы мұражай ісінің даму перспективаларын айқындайды. [18].

Әлемде: балалар арасында ғылымды танымал етудің халықаралық тәжірибесі

Дүние жүзінің 40 елінде балаларға арналған 500-ден астам ғылыми қалашықтар жұмыс істейді.

Әлемде көрмелер, мұражайлар және ғылыми-білім беру орталықтары арқылы балалардың, жастардың назарын ғылымға аударуға бағытталған ірі орталықтар құру практикасы бар.



Мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалар мен білім алушылардың ғылым мен технологиялар саласындағы білімдерін дамыту, болашақ ғалымдарды, инженерлерді дайындау және жұртшылық пен ғылым арасында тығыз байланыс орнату.

Калифорния штатының ғылымды танымал ету орталығы – Сан-Францискодағы Калифорния ғылым академиясы (California Academy of Sciences).

Францияда – Ғылым мен индустрия қалашығы (La Cité des Sciences et de l'Industrie).

Будапештте – Ғажайыптар сарайы (Csodák Palotája).

Дрезденде – Гигиена мұражайы, сурет галереясы.

Прагада – Ұлттық техникалық мұражай.

Монс қаласындағы (Бельгия) «ПАСС ғылыми оқиғалар паркі».

Сан-Францискодағы «Эксплораториум».



Монреалдағы «Ғылым орталығы» және

т.б.

Ғылым мен индустрия қалашығы Еуропадағы ең үлкен ғылым мұражайы болып табылады. Ол Париж қаласында ғылым, техника және өнеркәсіп мәдени орталығында (CCSTI), ғылымды және ғылыми

мәдениетті дамыту орталығында – Ля Виллет паркінде (Parc de la Villette) орналасқан.

Жыл сайын бес миллионға жуық адам планетарийі, суасты кемесі (Argonaute (S636)), IMAX театры және балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы алаңы бар Ситеге келеді.

Ситенің мақсаты – халық арасында, әсіресе балалар мен жастар арасында ғылыми-техникалық білімді тарату, сондай-ақ қоғамның ғылымға, зерттеулер мен өнеркәсіпке деген қызығушылығын арттыру.

Сите өнеркәсіптік және коммерциялық сипаттағы қоғамдық ұйым ретінде танылған, ғылыми-техникалық мәдениетті нығайтуға бағытталған.

Ең танымал орны – Les Serres паркінің алдындағы «биоклиматтық қасбет». Онда биіктігі 20 метр және ені 8 метр, тереңдігі 20 метр үш жабық кеңістік бар.

Ғылыми мұражайды ашу идеясы 1977 жылы туды. Бұл бастаманы Франция Президенті Валери Жискар д’Эстен көтерген болатын. Ал талантты архитектор Адриан Фансильбер өзінің жобасының арқасында мемлекеттік тендерді ұтып қана қоймай, ғылымды қарапайым адамдарға қолжетімді етуді көздеді.

Архитектордың таңдауы қаланың солтүстік-шығыс шетіне түсті. Болашақ ғылыми қалашық үшін қолайлы аумақ La Villette паркі болды.

Француз инженерінің жобасы жаңа мұражай кешенінің құрылысын ғана емес, сонымен қатар округті кең көлемде шоғырландыруды да көздеді.

Округтің жасыл ландшафтын мал соятын және ет орындары бұзып тұрды. Адриан Фансильбер ерекше жолды таңдады. Ол сауда алаңдарын жоймай, керісінше, олардың сыртқы көрінісін тазалап, жақсартты. Кейбір көрме залдары қазірге дейін бұрынғы мал соятын орындарда орналасқан. Ал қазіргі мұражай қызметкерлері ғимарат қабырғаларына сиырдың суреттері бар плакаттарды жабыстырып, өздерінің жол бастаушыларының ойын әзілмен келтірген.

Cité des Sciences et de l'Industrie» қалашығын ғылым қаласы деп бекер атамаған. Жымиғаныңды санмен сөйлететін немесе Марстағы салмағыңды білетін басқа қай жер бар? Бұл жерге, ең болмағанда, электрленген ауада сөйлеп, келушілерді әртүрлі әңгімелерімен қызықтыратын Моно Лизамен әңгімелесу үшін келуге болады.

«Cité des Sciences et de l'Industrie» қалашығының дәстүрлі қалалардан ерекшелігі көлденеңінен емес, тереңіне қарай кеңеюінде. Ғылыми қаланың жер астында, тереңінде «Аргонавт» суасты кемесі байлаулы тұр. Ол муляж емес, 1982 жылғы суасты кемесі. Келесі



қадам – іске қосуға дайын тұрған ғарыш ракетасы. Алда – планетарийлер, үш өлшемді жұлдыздар мен басқа планеталар. Мұнда ғалымдардың өзі ерекше, ғылыми тұрғыда көңіл көтереді. Кино көруге барар жол мультимедиалық саяхатқа, «Géode» сфералық кинотеатрының көмегімен үш өлшемді кейіпке айналады.



Металл шарда орналасқан күмбез-экран бүкіл Еуропадағы ең үлкен экран болып саналады. Мұндай кинотеатрда бірде-бір көрініс көрермен көзінен мүлт кетпейді, өйткені кино барлық жерде: қабырғаларда, төбеде көрсетіледі, тек басыңды бұрып үлгерсең болды.

Көрмелер алаңы 30 000 шаршы метрді алады. Әрбір көрме интерактивті, яғни үлкендер де, балалар да қарап тұрмай, көбірек ойлап, әрекетке көшуі тиіс.

«Ғарыш» көрмесінде скафандрлар, ғарыш кемелері мен орбиталық стансалардың өте жақсы жасалған үлгілері сияқты экспонаттарды көріп қана қоймай, салмақсыз бататын заттарға эксперимент жасауға немесе әлем картасына барлық ғарыш айлақтарының белгілерін қоюға болады.

«Жарық және көлеңкелер» атты балалар көрмесі балаларды құпия әлемге ендіреді.



Музыка залында арнайы кабинада бала қолын ауаға ұрса, экранда ұрмалы аспапта ойнап тұрған өзін көреді, құлақтағы дыбыс естігіштен өзі жасаған әуен естіледі. Балалар осы ойынға қайта-қайта қатысу үшін кезекте тұрады. Мұнда балалар үшін өте тартымды жер бар. Ол «La Cité des Enfants» атты екі балалар қалашығы. Олардың бірі 3-5 жастағы, екіншісі 5-12 жастағы балаларға арналған.

Күні бойы бір жарым сағаттық бірнеше сеанс өтеді, онда балалар өздерінің таңдауы бойынша биолог ғалым, программист,

астроном, кинооператор бола алады.

Барлық кәсіпті тізбектеп айту мүмкін емес! Балалар су энергиясын пайдалана отырып, диірмен құрастырады, бидайдан қалай нан пайда болатынын біледі, көтергіш крандардың көмегімен үйлер тұрғызады, сиқырлы айна арқылы өздерін белгілі бір аңның терісінде елестетеді. Үлкен жастағы балалар роботтар құрастырады, иероглиф жазуды үйренеді, ірі микроскоп арқылы құмырсқалардың өмірін бақылайды, адам денесінің және планетамыздың ішіне үніледі, телехабарлар жүргізеді.

Бірнеше сауда павильондарында орналасқан кішкентай ғана мұражай қазіргі уақытта саябақтың үлкен бөлігін алып жатыр.

20000 шаршы метр аумақта көрмелер сияқты оқу іс-шаралары да өтеді. Мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен атақты ғалымдар келіп дәріс оқиды, жас ғалымдар өздерінің эксперименттерімен таныстырады, студенттер және барлық ниет білдірушілер квант физикасы бойынша көне қолжазбалардан қазіргі заманғы құралдарға дейінгі 120000-нан астам кітаптар, фильмдер мен журналдар сақталған мультимедиалық кітапханада дүние құпияларын ашады.




Үлкен эволюция галереясы (фр. *Grande galerie de l'évolution du Muséum national d'histoire naturelle*) Париждегі Ұлттық тарих мұражайының бөлігі болып табылады. Мұражай тірі табиғаттың түрлері мен оның дамуын көрсетеді. Жалпы ауданы 6000 м² болатын топтама 3-бөлімнен тұрады: тірі әлемнің әртүрлілігі (мұражайдың 1 және 2-қабаттары); адамның табиғи ортаға әсері (3-қабат); тіршілік эволюциясы (4-қабат).

Екінші қабаттан құрлықтағы тірі организмдерді көруге болады: Американың тропикалық орманы, Африка саваннасы. Француз қорығындағы өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесі. Арктика және Антарктика. Сахара шөлі, Түрлерге жіктеу. Таксидермия (топтамаға қатысты).

Тірі табиғаттың әртүрлілігі

Мұражайдың **бірінші қабаты** теңізді мекендеушілерге арналған. Тірі организмдер олардың мекендейтін орталарына жинақталған. Мұхиттардың түбі. Суасты ыстық су көздері. Жағалау сулары. Арктика және Антарктика.



Екінші қабатта құрлықтағы тірі организмдер бар: Американың тропикалық ормандары, Африка саваннасы. Француз қорығындағы өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесі. Арктика және Антарктика. Сахара шөлі, Түрлерге жіктеу. Таксидермия (топтамаға қатысты).

Адамның әсері.

Мұражайдың үшінші қабаты адамның тірі организмдерге және олардың дамуына әсеріне арналған.

Экспонаттар мынадай тақырыптарға бөлінген:



Аңшылық, балық аулау – адамның тарихқа дейінгі белсенділігі.

Үй жануарларын қолға үйрету, жасанды іріктеу.


Жаңа аумаққа саяхат жасау және отаршылдық.

Ландшафтты өзгерту.

Қоршаған ортаны ластау.

Бірлі-жарым факторлардың әсері.

Бүгінгі жағдай мен болашаққа арналған болжам.



Венадағы ZOOM балалар мұражайын мұражайдан гөрі бос уақытты өткізу және даму орталығы деуге болады. Балалар үшін «Мұхит» бағдарламасы – теңіз тақырыбындағы әртүрлі ойыншықтарға толы үлкен бөлме. Мұнда астынан су ағып жатқаны көрініп тұратын едені бар туннель де, штурвалы бар кеме де, бортқа шығатын арқан да, сегізаяқтың костюмдері де, балық аулау үшін магниті бар қармақ та, төбе де, дүрбі де,

қарақшылардың қазынасы да бар.


Бұл «экспонаттардың» барлығын да ұстап көруге болады. Балалар үшін шеберханаларда қайталама шикізаттан (пластмасс бөтелкелер, қораптар және т.б.) заттар жасау қарастырылған. Онда тендессіз туындылар жасалады, «нағыз» құрылыс жүреді – арнайы киімдер мен каска киіп, нағыз бетон араластыруға, кірпіш қалауға болады.

8-12 жастағы балалар үшін мультипликациялық студия бар. Сонымен қатар өнерге, сәулет өнеріне, ғылымға арналған интерактивті көрмелер бар.

Нью-Йорк штаты, Рочестердегі 14 000 шаршы метрді алып жатқан The Strong ойындары ұлттық мұражайының аумағында 500 000 мыңға жуық ойыншық, үстел үсті ойындары, бейне ойындар, сондай-ақ қуыршақтардың ең үлкен топтамасы бар. Ол ойыншықтар дайындайтын материалдарды зерделеуге арналған кітапханаларды, сондай-ақ үш жеке аумақты: Ойындар мұражайын, Ұлттық ойыншықтар залын және мұражайдың жауһары болып саналатын Бейнеойындар тарихы мен дамуы орталығын қамтиды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, балаларды әлеуметтендіруде мұражайдың алатын орны ерекше Шет елдерде мұражайдағы жұмыстар көбінесе халықпен жүргізілетін педагогикалық жұмыстармен байланысты болып келеді.

Қазақстандағы балалардың ғылыми қалашығы (ЭКСПО-17)



Соңғы жылдары мұражай жұмысының басым бағыттарының біріне айналған мұражайлардың мәдени-білім беру қызметіне назар аударылып келеді. Мұражайлар халықтың барлық санаттары үшін формальді, сондай-ақ формальді емес білім беру орталықтарына айналуда.

Жаңа ұйымдастыру құрылымдары – мұражайлар базасында білім беру, әлеуметтік қорғау органдарымен, мәдениет, ғылым, өнер мекемелерімен өзара іс-қимыл жүргізуге бағытталған мұражай мәдени орталықтары құрылуда. Олардың аумақ, мұражайлар мен мұражайлар желісінің ерекшеліктері, өңірдің мәдени әлеуеті арқылы анықталатын көп түрлері бар. Басты мақсаты – адамның мәдени білім алуы.

Шетелдік әріптестердің мұражайларды дамыту тәжірибесіне қарай республикада мұражайлардың қызметі заман талабына сай жетілуде. Экспонаттарды өңдеудің, реставрациялаудың және сақтаудың жаңа технологияларын енгізу, мұражайларды заманауи техникамен, оның ішінде экспонат туралы неғұрлым толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін плазмалық экрандармен және мультимедиалық жабдықтармен жарақтандыру жұмыстары белсенді түрде жүруде.

Отандық мұражайлардағы экспонаттардың бай топтамасы әлемдегі ірі көрме алаңдарының назарын аудармай қоймайды. Бұл халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын әлемдегі басқа елдерде насихаттауға оң әсерін тигізеді.

Астана – ерекше тартымды таңқаларлық қала. Оның әсем келбетін тамашалауға жыл сайын ондаған мың турист келеді.

Астана қаласында ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін өткізу Қазақстанның ең басты жобаларының бірі болып табылады. Осындай ірі көлемдегі іс-шараны Астанада өткізу бастамасын алғаш рет Мемлекет басшысы көтерді.



Астана Экспо-2017 – 2017 жылы Қазақстанның Астана қаласында өтетін Халықаралық көрмелер бюросы мойындаған халықаралық көрме. Көрме тақырыбы: «Болашақ энергиясы».

Көрмеге әлемнің 100-ден астам елі, 10-ға жуық халықаралық ұйымы және 5 миллион адам қатысады деп күтілуде.

«АСТАНА, ЭКСПО-2017» жобасының шеңберінде интерактивті зерттеу жобалау технологиялары (ғылыми қалашық, интерактивті технопарк, робот

техникасы, шындыққа жанасатын виртуалды мұражай) негізінде қосымша білім беруді ұйымдастыруда жаңа бағыттар құру және дамыту жоспарлануда.

Негізгі міндеттері:

сапалы білім беру саласындағы ұлттық басымдықты іске асыруға ықпал ету;

қоғамды экономикалық және әлеуметтік жаңғыртуға ықпал ету;

азаматтардың, ең алдымен, балалар мен жастардың ғылым мен техникаға деген қызығушылықтарын ояту;

ойын-сауық арқылы тану;

«бос уақытын интеллектуалдық тұрғыда өткізудің» жаңа нысанын құру.

Жобаның негізгі идеясы төрт негізгі принциптен тұрады:

Аксеологиялық (табысқа жету мақсаты)

Функционалды (қолмен ұстап көруге, эксперимент жасауға болады)

Интерактивті

Модульді




Жоспарланып отырған ғылыми қалашық көпшілікке ғылым, табиғат, музыка және өнер ғажайыптарына қызығу саяхатын ұсынады. Олармен танысайық.

Адам және денсаулық
Гигиена

мұражайында өзіңнің ішіңе үңіліп, адам денесінің құрылысын танып білуге болады. Шыныдан, балауыздан жасалған адамдар, көмескі жарық беріп, жан-жақты қарауға болатын адам денесінің бөліктері. Бұл мұражайда адам ағзасының барлық негізгі функцияларына арналған көптеген теңдессіз экспозициялар бар.

Жүректің қалай соғатынын көруге, дыбыстық, визуалды және тактильді тітіркендіргіштерден туындайтын реакциялар жылдамдығын өлшеуге, көрсеткіштерді басқалармен салыстыруға, әртүрлі жануарлардың терісін ұстап көріп, адамдардың терісімен салыстыруға, дүйсенбі күні таңертең іштің неге ауыратындығын білуге, тыныш жағдайдағы өкпе мен шар үрлеудегі өкпені салыстыруға, бір-біріне қарама-қарсы тұрған тактильді экрандар арқылы қыздар мен ұлдардың жыныстық белгілерінің құпияларын ашуға, физиолог пен сексологтің пікірлерін білуге мүмкіндік беретін интерактивті элементтер.





Генетика мұражайы мыналарды ұсынады:

Генетикалық шеберханада 6 элементпен жұмыс істеу: ген, ДНҚ, нуклеотид, хромосома, протеин, жасуша.


пияздың ДНҚ-сын көру, адам ДНҚ-сы Жер мен Күнге дейінгі 40 миллиард км немесе 300 арақашықтық алатынын тану, ДНҚ-ның қосарлы спиралін құру, суреттері бар кубты айналдыру және адамның гені де тышқандікіндей екенін түсіну;

тордың арғы жағынан зертханадағы сияқты өз жасушанды көріп, оны басқа тірі организмдердің жасушаларымен салыстыру, сондай-ақ «қар адамы» туралы криминалистикалық ғылыми-интерактивті тексеріс жүргізу.

«Дау-дамай ғалымдарының театрында» генетиканың этикалық тақырыптарына арналған пікірталастарға қатысу.

Шынайы тарих мұражайы

Жаңбыр астындағы символикалық серуеннен бастап балалар адамзаттың басты проблемасы – «көк алтынға қол жеткізумен» танысады. Су табу, барлығының суға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, сумен бөлісу, суға талдау жасау, кәдімгі сұйықтықтың ерекше қасиеттеріне таң қалып, сумен ойнау. Бұл физика, химия сабақтарына тамаша қосымша бола алады. Мұражайдың табиғи экспонаттары, ежелгі қалалардың макеттері, африка тайпаларының шынайы лашықтары балаларды танымдық тарихқа еліктіреді.



Мультимедиа

«Ғаламшар атласы» кинотеатры.

іргелерде көлемі 18 x 9 м болатын 4 экран, 18м x18 м көлеміндегі төбедегі экран, айнадан жасалған еден, 12 бейнепроектор, бейненің синхронды жүйесі фильмдерді 7D немесе IMAX технологиялары бойынша көруге мүмкіндік береді.

Мұндай кинозал әлемде бір-ақ дана (Бельгияда), ол бірегей әрі жан-жақты ойластырылған жоба.

Үш сандық аппаратпен (дыбыс, бейне, монтаж) жабдықталған телевизиялық студияда балалар өздерінше телевизиялық бейне мен дыбыс

жасай алады. Оператордан режиссерге, қоюшыдан дыбыс инженеріне, жүргізушіден журналиске дейін әркім өз орнын алады.

Футуроскоп паркі

Тірі табиғатты тамашалаушылар ерекше әрі шынайы Футуроскоп паркіне барады. Заманауи мультимедиалық технологиялары бар кинозалдар жабайы аңдарды ұстап көруге және сафариға қатысуға немесе мұхиттың түбін тануға мүмкіндік береді.

Экологиялық таза кемедегі қызықты жарыс балаларды құмартып қана қоймай, ғаламшарымыздың экологиясына саналы әрі құрметпен қарауға шақырады.



Балалар қалашығында балалар ойыншықтарының үлкен топтамасын жинауға болады. Қуыршақтар, ескі заманнан қалған шырша әшекейлері, машинкалардың үлгілері, ертегі кейіпкерлерінің балауыздан жасалған фигуралары.

Мұражай экспонаттары арқылы адамзаттың бүкіл тарихын: ежелгі халықтар қалай өмір сүргенін, заманауи конструкторларға дейін Ежелгі Египет халықтарының балалары немен ойнағанын көруге болады.

Балалар жасыл лабиринт пен мерекелік иллюминацияларды көргенде куанады. Бұл жерде өнертапқыштар, өндіріс пен кәсіпорындардың өкілдері кездеседі. Оның базасында жыл сайын таңдалған тақырып бойынша жобалар әзірлеу конкурстары өтетін болады.



Үздік жобалар өзіндік «инновациялар рингінде» көрсетіледі.

Ғылым мен техника мұражайы

Прогресс пен инновациялар қалашығында техника, робот техникасы, электроника және информатика бойынша инновациялық жобалар көрсетіледі. Балалар роботқа арналған бағдарламаларды құрастырып, әзірлей алады. Макет түріндегі роботтың үлгісі оның жұмыс істеуі үшін қажетті қозғалысы мен электр тізбегін анықтауға мүмкіндік береді. Содан соң оны программалау кезеңі басталады.

Ғалам, ғарыш, жер

Күмбезге жарық эффектілері беріліп, жасанды тұман түседі. Люминесцентті диодтар арқылы бейнені беру жүйесі және т.б. музыкамен сүйемелденеді.

Мұнда сабын көпіршіктерімен болмашы әрі қызықты тәжірибе жүргізу мен Айдың үстінде скафандрмен серуендеуден бастап химиялық зертханаларда маңызды тәжірибе жүргізіп, жұлдыздардың температурасын анықтауға дейін болады. Бұл ғылыми орталықта барлығын жасауға болады!

Жаңа техникалық және ғылыми жетістіктер оқушыға өзінің күшімен керемет жаналықтар ашуға мүмкіндік береді.

Экспериментариум

Арнайы зертханада бүкіл отбасы бірқатар эксперименттер жасай алады.

Отбасылық гайзер немесе торнадо жасау, дене бөлігінің температурасына қарай түсін өзгертетін арнайы айнадан өзіңнің түрлі-түсті бейненді көру, сондай-ақ локалатор құлақтар арқылы қоршаған адамдардың сен туралы не деп жатқанын есту.



Кәсіптер кафесі

Кәсіптер кафесінде үстелдер мультимедиалық құралдармен жабдықталған. Олар кәсіп таңдау және білім алу бойынша ақпарат ұсына отырып, кәсіптердің деректер базасына қол жеткізуге; мінез-құлық темпераментінің қандай да бір кәсіпке бейімділігі туралы тестілеуден өтуге, осы бөлімде ұйымдастырылатын пікірталастар немесе конференциялар өткізуге, өз пікірін білдіруге немесе ескерту жасауға, дауыс беруге қатысуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар интерактивті көрмелер жоспарланған:

Инновация

Өнертабыстар, жаңа зерттеулер көрмелері. Онда келушілер инновациялық өнімді өздері жасайды.

Ғылым

Жаратылыс, физика, химия, математика, логика заңдарының көрмесі.

Қоғам

Жаратылыс, физика, химия, математика, логика заңдарының көрмесі.

Өнер

Суретшілер, мүсіншілер, сәулетшілер көрмелері. Онда келушілер өздерін орындаушы ретінде сезінеді.

Елдер

Бұл көрмеде әртүрлі елдер көрсетіледі. Онда балалар елдердің тұрмысымен, дәстүрімен және мәдениетімен танысады. Мұның барлығы шынайы түрде орындалады.

Мұражай педагогикасы Астананы тануға, оған, оның тарихына, мәдениетіне құрметпен қарауға үйретеді.

Жас ұрпақтың бойында қалалық мәдениетті қалыптастыру, оларды өзінің қаласына, ондағы мәдени ескерткіштер мен сәулет өнеріне құрметпен қарауға үйрету мұражай педагогтерінің міндеті болып табылады.

Уақыт өз орнында тұрмайды, әлем жаһандану мен ақпараттық технологиялар дәуіріне әлдеқашан еніп кеткен. Интерактивті зерттеу жобалау технологиялары (ғылыми қалашық, интерактивті технопарк, робот техникасы, шындыққа жанасатын виртуалды мұражай) негізінде ересектер мен балалар көріп қана қоймай, барынша ойланып, іске кірісуі қажет. Бұл – адамзаттың жаңа дәуірге аяқ басуын білдіретін құбылыс.

Қазіргі уақытта жастарды әртүрлі мәдени жобаларға, мұражайларға, тарихқа тарту өте маңызды. Оның бір тәсілі – мобильді интернет, QR-кодтар, гаджеттер және т.б. сияқты инновациялық жобалар арқылы тарту.

Шындыққа жанасатын технологиялардың көмегімен мұражайға келушілер мұражай экспонаттары туралы толық ақпаратты инновациялық форматта ала алады.

Инновацияларды мұражай жұмысында қолдану балалардың қызығушылығын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Электронды мұражайлар – жақын болашақтағы оқытудың тиімді құралы

Бүгінгі күні компьютерлік сауаттылықсыз тұлғаның толық дамуы мүмкін емес, оның интеллектуалды ортадағы маңызы өте жоғары.



Компьютерлік технологиялар мен интернет саласындағы жетістіктер осы техниканы мұражай ісінде қолдануға, әсіресе электронды мұражайларды құруға және пайдалануға себеп болды.

Бұл ретте «электронды» деген сөз электронды экспозициялар мен экспонаттарды қолдануға негізделген мұражайларды білдіреді.

Мұндай мұражайлардың негізгі құндылығы мынада:

-барлығы, оның ішінде қордағы барлар, экспонаттар және басқа да мұражайлар туралы ақпараттар ауқымының шектелген нақты көлемін жасау және сақтау мүмкіндігі;

-экспонаттар және кез келген ретте көрсету үшін шығару туралы ақпаратқа еркін және тез қолжеткізу мүмкіндігі;

- экспонаттарды зерттеу, құрастыру және көрсету процесінде экспозициялық ақпараттарды терең өңдеу (масштаптау, фрагменттеу, тасымалдау, құрамдастыру және т.б.) мүмкіндігі;

- қашықтықта экспозициялық ақпараттарды берудің, аумақтық тіркеп жазылған көздерден оны жинаудың, әртүрлі тұтынушылар бойынша оны көбейтудің, таратудың салыстырмалы жеңілдігі мен жеделдігі.

Осылардың бәрі мұражай экспозицияларының тиімділігін барынша арттырады, экспозицияларды ұйымдастыруда мүмкіндігін кеңейтеді және жеделдігін арттырады, мұражай қызметін пайдаланушылардың аудиториясын барынша көбейтеді.

Электронды компьютерлік құралдар қосымша білім берудің жалпы білім беретін мектептері мен ұйымдарының арасындағы оқу процесі барысында мұражай және білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылының міндетін жаңаша және аса тиімді шешуге мүмкіндік береді. Алайда, электронды экспозициялар мен электронды мұражайлар құру мынадай бірқатар шектеулерге байланысты:

Электрондық экспозициялар қаншалықты жетілген болғанымен, көшірме болып табылады және түпнұсқалы экспонаттармен дәстүрлі экспозицияларды толық көлемде ауыстыра алмайды;

электронды мұражайлар құруды жоспарлап отырған барлық музейлер мен басқа да ұйымдардың бәріне бірдей қолжетімді бола бермейтін күрделі және барынша қымбат техникалық аппараттардың қажеттелігі;

электронды-компьютерлік аппаратураға қызмет көрсету жөніндегі қосымша техникалық персоналдардың, бағдарламалық құралдарды әзірлеу және деректер базасын құру жөніндегі мамандардың қажеттілігі;

арнаулы электронды компьютерлік аппаратураларды қолдану дағдыларына мұражай қызметкерлері мен мұражайға келушілерді тиісті оқыту қажеттілігі.

Қазіргі уақытта қызметтің барлық саласында жаһандық электрондандыру мен компьютерлендіру жүріп жатқанына куә болып отырмыз. Сондықтан, электрондық мұражайлар туралы мәселе ұсыныстық тұрғыдан практикалық тұрғыда қарастырылуға көшті.

Қалай болғанда да, бұл үшін қазірдің өзінде техникалық база бар. Соңғы жылдары мұражай ісіндегі электронды-компьютерлік технологиялар бойынша отандық және шетелдік жарияланымдардың сандары бірден өсті.

Мұражайларда электронды-компьютерлік құралдарды қолдану әртүрлі деңгейлерде орын алуы мүмкін. Олар, электрондық экспонаттар, экспозициялар, бөлімдер және жоғары нысан ретінде әртүрлі электрондық музейлер, қашықтықтан немесе теле мұражайлар, аса тиімді тәсілмен іске асырылатын электронды-компьютерлік құралдар басым болып келетін вертуалды мұражайлар болуы мүмкін.

Электронды мұражайлардың мүмкіндігі оларды интернет байланыстың жаһандық жүйесіне қосу кезінде, әсіресе «Всемирная паутина» (WWW-World Wide Web) деп аталатын интернетті қолдану кезінде барынша артады.

Бұл жағдайда қолжетімді болып әлем мұражайларының шектеусіз ресурстары табылады. Қазір әрбір ірі мұражайдың интернетте өз беті (сайттары) бар. Көптеген мұражайлық ақпараттарды отандық мұражайлар жеткілікті түрде беріп отырады. Бұл желінің маңызды құндылығы ондағы ақпараттар мерзімді түрде жаңартылып отырады.



Вертуальді шындықтың мұражайлық жүйесі электронды мұражайларды іске асырудың тиімді нысаны болып табылады. Мұндай мұражайлар жүйесінің басты ерекшелігі – компьютерлік синтездеу әдісімен құрылатын жасанды вертуальді әлемдегі қолданушылардың (кірушілер) жоғары дәрежелігі яғни пайдалану дәрежелерінің жоғарылығы.

Бұл әлем түрлі-түсті, көлемді, стереодыбысты, тактильді және басқа да іс-әрекеттерге толы. Осындай қасиеттерінің арқасында қолданушыларда өздер осы әлемде отырғандай иллюзия пайда болады, осы әлемге ауысу және

олардағы объектілермен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі пайда болады. Бұл әлем шынайы залдар мен нақты мұражайлар экспонаттарының көшірмелері бола алады. Сонда қолданушы өзін «кәдімгідей» мұражайда жүргендей сезінеді. Бұл жерде қолданушылардың мұражай залдарының тығыз шеңберінен шығатын әлемге енуінің маңыздылығы да өте құнды.

Кеңістікте (телепортация) және уақыт бойынша (телетемпорация) ауысу мүмкіндігі, бұл қандайда бір фантастикалық, таңғажайып ертегілер әлемі болуы мүмкін. Мұның бәрі құрушының ойымен, фантазиясымен, білім деңгейімен және түсінік-ұғынымен анықталады.

Соңғы уақытта мұражай экспозицияларын жасау және сақтау үшін компьютерлік жүйені қолдануға негізделген компьютерлік мұражай құралдары мұражайларда кеңінен қолданылады. Олар мұрағаттау, ғылыми зерттеулер және өнер туындысын көрсету құралы ретінде пайдаланылады. Мұражай экспонаттарының ауқымды көлемімен және бейнелеудің жоғары сапасымен сипатталады.

Электронды мұражайда барлық материалдар, барлық ақпараттар орналастырылады және компьютерлік базада сақталады, ол Қазақстанның заманауи мектептерінде бар. Оған мысал ретінде Тараз қаласындағы №40 гимназияның виртуальді мұражайын айтуға болады. Ол 2001 жылы құрылып, жұмыс істеп келеді.

Оны жасау үшін үлкен ғимараттар, қымбат құрал-жабдықтар, оны ұстауға ауқымды шығындар керек емес, интернетке шығу мүмкіндігі бар компьютердің болуы жеткілікті. Кәдімгі мұражайларға қарағанда басты



артықшылығы осында. Сонымен қатар, оның ішін аралау үшін ешқайда барудың қажеттілігі жоқ, мектептен немесе үйден шықпай-ақ оның залында қыдырып жүре беруге болады. Осы ретте гимназияның тарихымен, ондағы оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктерімен, сондай-ақ Қазақстанның тарихымен, оның астанасы туралы деректермен, қалалармен, облыстармен және еліміздің табиғатымен толық көлемде танысуға болады. Бұл туралы мұражайдың ұйымдастырушылық құрылымының өзі растайды.

Мақсаты: мектептің тарихы, ондағы адамдар, Қазақстанның, облыстар мен қалалардың тарихы туралы әңгімелейтін материалдарды жинақтау және рәсімдеу.

Міндеті: әртүрлі қызмет саласындағы мұғалімдер мен оқушылардың жетістіктерін үгіттеу.

Өскелең ұрпақтың бойында патриотизм, мақтаныш және өз мемлекетіне, халқына деген сүйеспеншілік, адалдық сезімдерін қалыптастыру.

Әрбір оқушының бойында өз Отанының мәдениеті мен тарихын ұқыптылықпен қарау, өз қаласы мен мектебін мақтан тұту сезімін тәрбиелеу.

Заманауи ақпараттық технологияларды апробациядан өткізу және оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу.

Болжаматын нәтиже: заманауи ақпараттық технологиялар мүмкіндігін іске асыру есебінен тәрбиелеу мен оқыту процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру.

Мұражай «Виртуальді мұражай» клубының негізінде жұмыс жасайды, ол компьютерлік техника мен заманауи ақпараттық технологиялармен айналысатын 8-11 сынып оқушыларын біріктіреді. Клубтың әрбір мүшесі нақты материалды безендірумен ғана айналыспайды, сонымен қатар мұражай экспозицияларын, оның залдары мен презентацияларды жетілдіру жұмыстарын жасайды. Бұл үшін олар компьютерлік техниканы, мұражай материалдары мен ақпараттық технологияларды орналастыру және беру нысандары мен әдістерін терең және жан-жақты зерделейді, соңғы нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына, компьютерде жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын бекітуге ықпал етеді. Мұражайдың экспозицияларын безендіру клубтың мүшелеріне мектеп тарихына да, сонымен бірге келешек ұрпақ үшін мектеп тарихының сақталуы мен бейнеленуіне де өздерінің қатысты екендігін сезінуге мүмкіндік береді.

Виртуальді мұражай залдары:

Мектеп тарихының залы

Қазақстан тарихының залы

Облыс табиғатының залы

Жауынгерлік даңқ залы

Осы бөлімдердегі ақпараттар тәрбиелік мәнге ғана емес, сонымен қатар танымдық жүктемеге ие.

Мұражай жұмысы оқушылардың бойында танымдық процесті ынталандырады, өйткені олардың ішіндегі үздіктері және олардың жетістіктері мұражай беттеріне міндетті түрде кіреді.

Бұл оқушылар есімі тек мектепке ғана емсе, сонымен қатар Интернеттің әлемдік желісі арқылы мұражайға кірушілердің де көпшілік ортасына танымал болады.

Виртуальді шындық мұражайын құру бағытында енді ғана алғашқы қадамдар жасалуда. Ғылыми-техникалық прогресс жақын уақытта оларды кеңінен енгізуге үміт артуға мүмкіндік береді.

Осылайша, мыналарды белгілеуге болады:

Электронды мұражайларды құруға және пайдалануға беру ағартушылық және білім беру функцияларын барынша арттыру, пайдаланушылар санын бірден көбейту мүмкіндігін береді; ал интернет ресурстарын қолдану мұндай мұражайлардың мүмкіндіктерін шектеусіз етеді;

қазіргі уақытта электронды мұражайлардың идеясын іске асыруға мүмкіндік беретін техникалық құралдар бар; бұл құралдар өздерінің



презентативті сипаттары және қолжетімділігі бойынша саналуандығымен ерекшеленеді және әртүрлі деңгейдегі электронды мұражайларды іске асыруға мүмкіндік береді;

электронды мұражайлардың теориясы мен практикасы саласында, бар және перспективалы аппараттық және бағдарламалық құралдарды ескере отырып мұражайлық экспозициялардың әдістемесі мен сценариілерін әзірлеуде одан әрі зерттеулер қажет.

Заманауи уақыт – бұл ақпараттық технологиялар әлемі, олардан мұражайлар да артта қалып отырған жоқ. Әрбір мұражайдың өзінің жеке сайты бар. Сол сайтта виртуальді коллекциямен танысуға,

мұражай туралы оқуға, онда қандай көрмелер мен экскурсиялар болып жатқандығы туралы білуге болады. Компьютерлік технологияларды енгізу мұражайдағы төтенше өзекті және перспективалы құбылыс болып табылады, алайда мұражай қызметінің дәстүрлі нысандары туралы ұмытуға болмайды. Қазір мұражайлар үйірме, шығармашылық зертхана, студия, фестиваль, кездесу, клуб, отырыстар, мерекелер, концерт, бал, мұражай сабақтары мен дәрістер, әдеби кештер сияқты уақыт өткізу қызметтерінің кең көлемді спекторын ұсынады. Әрбір келтірілген нысандар мұражайдың мұражайлық-педагогикалық қызыметімен байланысты, оның басты міндеті – келушілерді қызықтырып, толғандырып жүрген мәселелерімен айналысуға мүмкіндік беру және өзін-өзі дамыту үшін жағдайлар жасау.

Қазіргі уақытта мұражайда кез келген жастағы оқушы басты фигуралардың бірі болып табылады, кейбір жекелеген мұражайлар өз қызметінде оқушыға бағдар жасайды. Оған ұсынылатын ақпараттың енжар

тұтынушысының емес, мұражай коммуникациясының белсенді және іскер қатысушысының рөлі беріледі.

Мұражай педагогикасы бойынша педагогикалық тәжірибені жинақтау

Қазақстанда мұражай педагогикасын дамыту оқу орындары жанындағы мұражайлардың ұдайы өсуіне байланысты. 2011 жылы мектеп мұражайларының саны 1396 бірлікке жетті [7].

Қазіргі уақытта мұражай педагогикасы мұражай қызметінің бір бағыты ретінде рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, бірыңғай білім беру процесіндегі адамға тарихи-өлкетану бойынша тәрбие беру практикасында дәстүрлі әдетке айналуда.

Мұражай мен мектептің ынтымақтастығына, ХХІ ғасырдың жаңа білім беру парадигмасының мәні – әуесқой мектептік тақырыптық мұражайларын құруға бағытталған білімді гуманитарлық жанартуға ұмтылу.

Мектеп мұражайының жетістігі, ең алдымен оған жаңа материалды жүйелі түрде жинауға, зерделеуге және өңдеуге, педагогтің оларды пайдалануына жәрдем көрсетуге қабілетті, тұрақты оқушылар активінің қатысуына байланысты.

Бағдарламаның мақсаты мен міндетін іске асыру мұражай жұмысына оқушылардың белсенді қатысуын көздейді, тиісінше олардың қызметін жандандыратын технологияларды түсінуді талап етеді. Сондықтан мұражай жұмысы оқыту мен тәрбиелеуге мынадай *қызметтік тұрғыдағы тәсілді* іске асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияларды пайдаланудан құрылады:

Жобалар әдісі;

оқушылық зерттеу;

білім беру саяхаты және кездесулер;

ұжымдық шығармашылық істердің (ҰШІ) технологиялары;

проблемалық оқытудың технологиялары.

Мұражай педагогикасы шешетін аса маңызды проблемалардың қатарына оқушыны тұлғалық қалыптастырудың – оның шығармашылық қабілетін дамытудың, белсенді өмірлік ұстанымын жасаудың әртүрлі процестерін жандандыру жатады. Сондықтан, мұражай педагогикасының басты міндеттерінің бірі – мұражайдағы оқушылардың қызметін жандандыру үшін жағдайлар жасау. Ізденістер, экскурсиялық әдістер, мұражай сабақтары факультативтерді ұйымдастыру әдісі саласында, мұражайдың қорлары мен мұрағаттарының базасында оқушылардың өздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда жүргізіледі.

Мұражай қызметіне балаларды тарту проблемалық, шығармашылық зертханаларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Рухани, әскери-патриоттық, интернационалдық, гуманистік тәрбие бойынша мұражай активінің практикалық әлеуметтендірілген қызметін, сондай-ақ мұражай педагогикасының құралдарын қолдана отырып мектеп жастарына қосымша білім беру жүйесіндегі жұмысты ұсынамыз.

Жас ұрпақтың міндеті – ұлы адамдардың мәдени мұрасын есте сақтау.

Астана қаласының №56 мектеп лицейінде жас ұрпақтың рухани әлемін байыту мақсатында 2077 жылы сәуірде «Абай-Шәкәрім» мұражайы ашылды.

Мұражайды ашуға бастама жасаған «Абай» республикалық мұражайының президенті, атақты жазушы Роллан Сейсенбаев болатын.

Клубта орналасқан шағын мұражай үнемі экспозициялық материалдармен толықтырылып отырады. Қоғам



қайраткері Әкім Ысқақ сыйға тартқан Абайдың суреті бар кілемше, ата-аналар сыйлаған қазақтың тұрмыстық заттары, Абай мұражайынан әкелінген ескерткіш қобыз, Қорғалжын өлкесінің батыр-анасы Майқанова Гулбадамның өз қолымен тоқып сыйға тарқан қабырға кілемдері, түскиіздері – мұражайдың

алғашқы экспонаттары. Мұғалімдер де мұражайдың оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруде өз үлестерін қосуда. Технолгия мұғалімі Ысқақ Ұлжан оңтүстіктен сандық, құмыра, күбі, ертоқым әкелді, ал, 12 жылдық мектептің 5-сыныбына арналған «Технология» оқулығының авторы Қожахметов Мырзабай мұражай үшін керуерт, сандық, бесік жасап, «Абай-Шәкәрім» кесене жобасын сыйға тартты.



«Абай-Шәкәрім» музей клубы» – жеке тұлғаны тәрбиелеу орталығы (Астана қ. №56 мектеп-лицейінің жұмыс тәжірибесі 1-

қосымшада нақты айтылған).

Алматы қаласының №16 КММ НМ-де оқушылардың бойында Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, саяси мәдениетті және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру Ә.Шәріпов мұражайы мен Жауынгерлік данқ мұражайы үлгісінің негізінде жүргізіледі.

Ә.Шәріпов мұражайында 6 стенд бар:

1. Ә.Шәріповтің жастық шағы;
2. Ә.Шәріпов достарымен (2 стенда);
3. Ә.Шәріпов – мемлекет қайраткері;
4. Ә.Шәріпов жерлестерімен кездесуде;
5. Ә.Шәріпов және шығармаларының кейіпкерлері.

Сондай-ақ мұражайда Ә.Шәріпов құжаттарының түпнұсқалары, оның хаттары, шығармалары, баспа басылымдарындағы жарияланымдары, столы және жазу машинкасы, Ә.Шәріпов бетінің маскасы және т.б. бар. Мұражайды Ә.Шәріповтың жұбайы – Мыңжасарова Клара Жағыпарқызы сыйлаған.



Мұражайда «экскурсияшылар» тобы жұмыс жасайды, олар оқушыларға арнап экскурсия жасайды, Ә.Шәріповтің жұбайымен, Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырады. Күн сайын мұражай активтері мұражайға және Ә.Шәріповтің өмірі мен қызметіне байланысты өз білімдерін кеңейтіп, жетілдіріп отырады.

Мұражайдың актив мүшелері «Адам-аңыз» атты бейне фильм түсірді.

Мектеп директорының орынбасары Ж.К. Берікбаева және З.В. Ляпина мұражай активтерінің оқуларын өткізеді. Сабақтарда оқушылардың хабарлары, оқылады, пікір алмасулар өткізіледі.

Мұражай активтерінің кеңесі тұрақты түрде дәрістік, қызметтің экскурсиялық ғылыми-ізденіс нысандарын, мұражай презентациясын өткізеді.

Бірінші сынып оқушыларын шәріповтер қатарына қабылдау жылсайынғы дәстүрге айналған.

Мұражай қонақтарының қатарында Беларусь Республикасы Елшілігінің Кеңесшісі А.Е. Дубовский, Мәскеу қаласындағы Ресей Федерациясының өкілдері, Латвия мемлекетінің өкілі – Ауған соғысының қатысушысы, Латвия Президенті күзетінің қызметкері Гунур Русиныш, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері мен жазушылары, Мұхтар Мағауин, Әлия Бейсенова, Садықов Ғалым және Алматы университеттерінің студенттері мен мектеп оқушылары.

Мектеп жанында «Біз Шәріповшілерміз» патриоттық клубы ұйымдастырылған және белсенді жұмыс жасауда. Оқушылар ізденіс жұмыстарымен айналысады және Ұлы Отан соғысының, еңбек фронтының қатысушылары, әскери-интернационалистер туралы материалдар жинайды, сценариилерді, ҰОС-ның батырлары мен Ә.Шәріповке арналған сынып сағаттарының, кештерді, диспуттардың әзірлемелерді жинақтаған, Ә.Шәріповке және ардагерлерге арналған стендтер безендерілген.

Мектеп оқушылары «Менің Отаным – Қазақстан» атты шығармалар конкурстарына, Тәуелсіздік күніне арналған «Қазақстаным менің, гүлдей бер»

атты мәнерлеп оқушылар конкурстарына қатысты. Үздік шығармалар кітапша ретінде басып шығарылды.

Әди Шәріповтің жас ұрпаққа үндеуі:

Біздің замандастармыздың жастық шағы соғыс өрті шарпыған қатаң, қиын заманда өтті. Қазіргі жастарға ғылыммен айналысуға толық мүмкіндік берілген, жолдары жарқын. Жастар заманның адам төзгісіз қатал сыны мен азабын тартқан, амбразуралар мен дзоттарды өз денесімен жауып, отан үшін от кешіп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткерген азаматтарымызды біліп, мәңгілік естерінде сақтауы тиіс.


Бұл үндеу мұражайдың әрбір келушісі үшін басты аманат болып табылады.

Білім беру жүйесімен мұражайдың дәстүрлі ынтымақтастығы оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған мақсаттармен, мазмұнмен және технологиялармен педагогикалық процесті байыту үшін үлкен мүмкіндіктер аша отырып, жаңа деңгейге көтерілуде.

Ғарыш Қазақстанның басты брендерінің бірі болуы тиіс. Біздің балаларымыз ғарыш туралы ойлап қана қоймай, инженерлер, конструкторлар, ғарышкерлер болуы үшін еліміздің ғарыш державасына айналуына барлық алғышарттар бар, бұл туралы тілегін Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс. Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз» деп атап өтті.



2001 жылы Қарағанды қаласының №57 лицейінде ғарышты игерудің 10 жылдығына орай мұражай экспонаттары ұсынылған «Космонавтика залы» ашылды.





«Авиация және космонавтика мұражайы» қоғамдық бірлестігі 1992 жылдан бастап жастарды батырлық-патриоттық рухта тәрбиелеп келеді.

Мұражай бағыттарының бірі ретінде Қазақстанның ғарыш қызметін насихаттау, тұрғындар, бірінші кезекте жастар арасында ғарыш қызметін қалыптастыру болып табылады.



Мұражай «Атамекен» бағдарламасы бойынша лицейлермен, колледждермен, Ю.Гагарин атындағы мектептермен, сондай-ақ ҚР, РФ Ғарыш агенттіктерімен, РФ ғарышкерлерінің құтқарушы отрядтарымен, «Нұркен Әбдіров» атындағы №610 аэробазамен, Қарағанды қаласының ІД ювенальды полициясымен, «Өшпейтін жұлдыздар», «Адам. Ғарыш. Экология» тақырыбында еңбек және ҰОС ардагерлерімен әлеуметтік әріптестікте жұмыс жасайды.

Бағдарлама мынадай бөлімдерден тұрады:

Космонавтика таңында
 Ғарыш эрасының таңы
 Ай шабуылы жалғасуда
 Алғашқы жұлдыздар старты
 Жер серігі адамға қызмет етеді
 Ұзақ уақыттағы орбиталық станциялар
 К.Э. Циолковский
 С.П. Королев
 Ю.А. Гагарин

В.Н. Терешкова
Т.О. Әубәкіров, Т.А. Мұсабаев
А.Л. Чижевский – ғарыш биологиясының негізін қалаушы
Ғарыш шежіресі
Қарағанды – ғарыш айлағы
Н. Әбдіров, М. Алтынбаев, Т.О. Әубәкіров.

Өткізілетін экскурсиялар тақырыбы:

К.Э. Циолковский – реактивті қозғалыстың негізін қалаушы
С.П. Королев – ғарыш кораблінің бас конструкторы
Ю.А. Гагарин – Әлемнің тұңғыш ғарышкері
В.В. Терешкова – тұңғыш ғарышкер әйел
Т. Әубәкіров және Т. Мұсабаев – қазақ халқының батыр ұлдары
Н. Әбдіров - «Мәңгілік шыңында»
А.Л. Чижевский - ғарыш биологиясының негізін қалаушы.

1939 жылы Қарағандыда аэроклуб ашылды. Осында әртүрлі рангтегі ұшқыштар даярланды, осы клубтан ҰОС батырлары, министрлер, Әбдіров, М. Алтынбаев, В. Шаталов, Т. Әубәкіров сияқты ғарышкерлер шықты.

2011 жылы мұражайда аэроклубшыларға арналған 2 зал ашылды.

Мұражай қызметкерлері мынадай кітаптар жазды:

В.В. Терешкованың 70 жылдығы.

«Авиации және космонавтика» мұражайының 20 жылдығы.

Экология проблемалары мен олардың бірігуі.

Мұражайда «Космонавтика», «Луноход», «Алғашқы ғарышкер», «Аполлон» және «Жердің бірінші серігі» серияларынан танталы бар күмістен жасалған 4 тиын бар. Бұл мұражайды 75000-ға жуық адам тамашалаған. Олар қала-жер серіктерінің, ауылдардың, аудандардың, оқушылары. Соғыс және еңбек ардагерлері, солдаттар, авиаконструкторлар, ғарышкерлер.

«Қарағанды» ғарыш айлағы» қаласының 80 жылдығына орай батылдық қасиеттерге баулитын сабақтар, «Батырларды өзіңе үлгі тұт», «Ерлік заңы: өзіңе сен!», «Отанға деген сүйіспеншілік ерлікке бастайды», «Еңбек Батылдыққа жол бастайды» ұрандарымен соғыс, еңбек, ғарыш батырларына арналған іс-шаралар өткізілді.

Сабақтар мен іс-шараларда оқушылар ерлік, батылдық сияқты қасиеттердің, еліне, жеріне сүйіспеншілікпен қарайтын асыл азаматтардың ерлік істерінің қыр-сырымен танысып, өздеріне сабақ алады.

Сондай-ақ мұражай көрмелермен басқа қалаларға барады, мұражай қызметкерлері дәрістер оқиды, фильмдер көрсетеді, ғарышкерлермен кездесулер ұйымдастырады.

Ұлтаралық татулық – бағалы құндылық. Оңтүстік Қазақстан облысында жүзден астам ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүреді. Бұл түрлі себептермен Қазақстан аумағына қоныс аударған көптеген ұлттар үшін қазақ жерінің туған үйіндей болып кеткендігін көрсетеді. Елбасымыз бірлік пен ынтымақ бар жерде берекенің де бар екенін нықтап айтып келеді.



«Достық» мұражайы интернационалдық тәрбие, толеранттық қатынас, Қазақстан халқының мәдениетін құрметтеу бағытында Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығында (директоры Н.С.Романова) 2007 жылы 14 мамырда ашылған.

Халықтар достығы мұражайы Оңтүстік Қазақстан облысы халқының Ассамблеясы хатшылығы, облыстық ұлттық-мәдени

орталықтар, қала мектептері және жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Мұражайда Қазақстан халқының қолөнер шығармашылығы, салт-дәстүрі, археология және ескерткіштерін зерттейтін үйірмелер белсенді жұмыс жүргізеді. Мұражайда Украина, Германия, Корея елдеріндегі Қазақстан жылына орай апталық ұйымдастырылды. Әр халықтың ертегілері желісі бойынша сурет көрмесі, «Әр халықтың атақты композиторлары» тақырыбында классикалық шығармалар тыңдалып, балалармен осы халықтың ұлттық ойындары ойналды. Фойеде осы елдер жайлы деректі фильм көрсетіліп, ұлттық-мәдени орталық, Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар кітапханасымен бірлесіп осы халықтардың ақын-жазушылардың шығармалары бойынша кітап көрмесі қойылды. Қорытынды іс-шарада концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.



Мұражайда Оңтүстік өңірінде тұратын ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті, салт-дәстүрі жайлы мәлімет беретін ұлттық киімдер, саз аспаптары, ыдыс-аяқ, қолөнер бұйымдары, т.б. материалдар жинақталған

Мұражайдың негізгі қоры 7.03.2006 ж. бастап жинақталған.

Негізгі қорда 516 экспонат, уақытша сақтау қорында 78 экспонат бар.

Мұражайдың негізгі құжаттары:

- мұражайдың негізгі қорын есепке алу кітабы;
- мұражайдың негізгі қорының актісі;
- мұражайдың уақытша сақтау қорын



есепке алу кітабы;

- мұражайдың уақытша сақтау қорының актісі

Халықтар достығы мұражайы халықтар достығын нығайту және елдің тұрақтылығын сақтау мемлекеттік саясатын жүйелі жүзеге асыруда.

Тақырыптық және шолу экскурсияларында Орталық үйірмешілері, қаланың мектеп оқушылары, ЖОО студенттері, 6506 ә/б сарбаздары, облыс тәлімгерлері және мұражай меңгерушілері қатысады.



Халықтар достығы мұражайында 2013 жылдың қыркүйек айы – 2014 жылдың мамыр аралығында өткізілген экскурсиялар саны – 228, оның ішінде жалпы экскурсия – 196, тақырыптық экскурсия – 32

Мұражай түрлі ұлттардың мәдениеті мен жазба күніне орай іс-шараларға белсене қатысады. Мұнда 40-тан астам әлем халықтарының әліппесі жинақталған.

Орталықтың Халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі қонақтарына мұражай бойынша арнайы экскурсиялар өткізіледі. Мұражайда қадірлі қонақтардан ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, Германия елінің өкілі, Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастығы ұйымының аз ұлттар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары – елшісін, Мәскеу парадының қатысушысы, ҰОС ардагерлері, Латыш ұлттық телеарнасының өкілдерін, «Caspionet» телеарнасын және «Хабар» агенттігін қабылдады.

Халықтар достығы мұражайының жұмысы жайлы республикалық «Қосымша білім және тәрбие» журналы, жергілікті «Жас ғалым», жарнамалық «Аверст» журналы және газеттерде бірқатар мақалалар жарық көрді. Республикалық және жергілікті «Қазақстан-Шымкент» телеарналар арнайы бағдарлама түсірді.

2013 жылы «Қазақстан халқының саз аспаптары» тақырыбында лекторий өткізіліп, барлық мәдени орталықтардың саз аспаптары жайлы іс-шара ұйымдастырылды. Бұл лекторийге «Ынтымақ» ұлтаралық қатынас орталығы, славян ұлттық мәдени орталықтарының басшылары қатысты.

Мұражай қорына мәдени орталықтардың экспонаттары: күрді, шешен-ингуш, азербайжан, украин және әлем халықтарының әліппесінің коллекциясы жинақталды. Жаңа жыл қарсаңында Орталық үйірмешілеріне арнап «Жаңа жылды қай елде қалай қарсы алады?» тақырыбында кітапша дайындалды.

Халықтар достығы мұражайында төмендегідей мәдени-көпшілік іс-шаралар, байқау, кездесулер атқарылады:



Ұлттық мерекелер қарсаңында мәдени көпшілік іс-шаралар (сахналық қойылым, концерттік бағдарлама);

«Біз - Қазақстан халқымыз» танымдық бағдарламасы;

Облыста тұратын ұлттардың көп шоғырланған жеріне экскурсия жасау;

«Басқа ұлт өкілдері арасында қазақ тілінің білгірі», «Мемлекеттік тіл – менің тілім» қалалық байқауы;

Мұражай белсенділерінің оқулары;

Тарихи орындарға экскурсия (Сайрам, Түркістан, Отырар т.б.);

- «Әр ұлттың дәстүрі бар тамаша...» - Наурыз мерекесі қарсаңында сахналық қойылымдар байқауы.

Мұражайда Украина, Германия, Корея елдеріндегі Қазақстан жылына орай апталық ұйымдастырылды.

2008 жыл – Қазақстандағы Украина жылына орай мұражайдың ұйымдастыруымен үйірмелерде сурет байқау-көрмесі, ашық сабақтар ұйымдастырылды

2009 жыл – Қазақстандағы Германия жылы мұражайда кеңінен аталып өтті

Орталық мұражайының жетекшісі Есімханова Айткүл Жинақбайқызы 1984 жылдан бері қосымша білім беру саласында жемісті жұмыс атқарып келе жатқан жоғары санатты педагог. Ол жемісті жұмысы үшін жыл сайын облыс, қала әкімшілігі, білім басқармасы мен білім бөлімінің мақтау қағаздарымен марапатталып келеді.



Мұражай – білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесі. Әдістемелік алып жүру тұрғысынан қарағанда жүйелік кешенді әдістемелік орталықтың, «жинақ сандықша» сияқты зерханалардың функциясын орындауы тиіс. Үздік әдістемелік әзірлемелер мен сынып жетекшілерінің, пән оқытушыларының тәрбие қызметінің тәжірибесі, үздік педагогтердің жинақталған тәжірибесі мұражайда ғана сақаталатыны, үлгі ретінде көрсетілетіні және халық үшін пайданылатындығы бәрімізге аян. Тек мұражай ғана мектептегі тәрбие, оқушыларды дамыту саласында тәжірибелік-зерттеу қызметін ақпараттық алып жүруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік қызметтегі мұғалімнің кез келген қызығушылығы оның кәсіби құзыретінің деңгейін барынша арттырады. Ал мектеп мұражайына келетін болсақ, өз бағыты бойынша инновациялық тәжірибелі-эксперименттік режимдегі жұмысты жүргізуі тиіс (және жүргізеді).

Қорытынды

Қазіргі таңда мектептерді жаңғырту, қосымша білім беру жүйесін дамыту жағдайында мектеп мұражайы өте қажетті, өзінің тиімді жұмыс жасай алатынын, мәдениет саласындағы өз ерекшеліктерін қолдана отырып, білім беру процесінде тиімді қосылуына қабілетті екенін дәлелдеп отыр.

Мектеп мұражайы (балалардың бастамасы бойынша және олардың зерттеу, шығармашылық еңбегінің нәтижесінде құрылған өз бетінше жұмыс жасайтын қоғамдық балалар мұражайы ретінде) негізінен зерттеу мекемесінің, қоғамдық бірлестіктердің, қызығушылықтары бойынша балалар клубтарының, шығармашылық шеберханаларының белгілері мен функцияларын үйлестіретін әмбебап қоғамдық институт, жасөспірімдерді ақылы мен сезіміне тәрбиелік әсер ететін шектеусіз әлеуетке ие.

Мұражайлар миссиясының мазмұны қоғамдық сұрауларға тығыз байланысты, яғни сақтаумен қатар заманауи мұражай функцияларының спекторы әлеуметтік бейімдеудің ағартушылық, тәрбиелік функцияларынан тұруы тиіс. Халыққа бірдей қолжетімді, адамдарға белсенді қабылдауға және қабылданатын ақпаратқа өз көзқарасын қалыптастыруға толық еркіндік беретін мұражай визуальді ойлау, өзін-өзі тану функцияларын іске асыру процесінде әлеует дамытын әлеуметтік процестер саласына жатады.

Жалпы білім беретін процеске мұражайдың қосылуы адамның күн сайын өзгеріп жатқан алмағайып заманда ұмтылыспен, жігермен өмір сүруіне психологиялық және рухани тұрғыда қалыптасуына үйретіп қана қоймай, сонымен қатар онда болып жатқан әлеуметтік мәдени қайта құрулардың субъектісі болуына ықпал етеді.

Мұражай мектептік білім берудің маңызды құрамдас бөлігінің біріне айналуы тиіс, өйткені мұражай визуальді және кеңістіктік қабылдау мектебі болып табылады, онда заттардың тілін игере отырып оқушы мәдени маңыздылықты, адам қолының еңбегін ұғынады. Мұражай жиналысы біртіндеп сапалы жаңа дегейде игерілуі үшін білім берудің барлық деңгейлерінде мұражай мен мектептің өзара іс-қимыл жүйесін жаппай құру қажет.

Мұражайдың әлеуметтік-тәрбиелік қызметі жекелеген білім беру институттарының, мәдени мекемелердің ішкі тұйықтығы мен жеткіліктілігі ахуалын меңгерген және әлеуметтік-тәрбие қызметінде жалпы күштерін біріктірген жағдайда табысты жүзеге асатын болады.

Мұражайдың әлеуметтік-тәрбиелік қызметі тиісті кадрлық қамтамасыз етуді талап етеді. Мұражай мамандарының кәсібилігін жетілдіруді оларға жаңа әлеуметтік-тәрбиелік міндеттерді қою және шешу, сондай-ақ мектептің әлеуметтік педагогтерімен, психологтармен, әлеуметтік қызметтермен, қоғамдық ұйымдармен, ата-аналар қауымдастығымен, қоғамдастығымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Преспективасы зор бағыт ретінде мұражай педагогикасы мәдени мұрамен байланыста қажеттілікті қалыптастыруды, оны түсінуді, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай көбейтуді көздейді.

Қорытындыда мектеп мұражайының екі ерекшелігін тағы да атап көрсетейік:

1. Көбінесе, бұл мұражайлар балалардың және оларды басқаратын ересектердің бастамалары бойынша құрылып, мақсатқа сай бағытталған зерттеу және шығармашылық қызмет нәтижесі ретінде өз бетінше жұмыс жасайды. Мұндай өз бетінше жұмыс жасайтын мұражайлар өмірге бейімді болып келеді.

2. Балалар қоғамдастығының практикалық қызметінің нәтижесі ретінде, өлкенің, ауданның, қаланың ауылдың, мектептердің тарихи және мәдени ескерткіштерін зерделеу мен сақтау ретінде пайда болатын мұндай мұражайлар көптеген рухани дәстүрлерді жаңғырту мен дамытудың шығармашылық орталықтарына да айналып жататыны белгілі.

Қоғамдық мұражайды құру жөніндегі балалардың бастамасы олардың зерттеулік өлкелік іс-әрекеттерінің заттандырылған нәтижесі болып табылады. Олар ерекше назар мен қолдауды қажет етеді. Бұл әрине, негізінен қоғамның қызығушылық танытуына байланысты.

Сөз соңында, тағы бір маңызды мәселе – мектеп мұражайларының өлкелік-зерттеушілік шығармашылық қызметін кеңінен таныстыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Бұл мұражай акциялары, көрмелер, конкурстар, есептер сияқты мектепшілік презентациялармен қатар аудандық және орталық газеттер мен журналдарда жарияланған мақалалар, қалалық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен конкурстарға, конференцияларға қатысу сияқты жоғары деңгейге шыққан презентациялар да болуы мүмкін.

Мектеп мұражайы сабақтан тыс қызмет жүйесінде, оқытудағы қызметтік тәсілді игеруде лайықты өз орнын алуы тиіс. Бұл көбінесе өз талантымен, беделімен сүйікті ісіне деген шығармашылық тәсілімен насихаттап отырған қызмет түрлеріне балаларды тарта білетін педагог тұлғасына байланысты. Бұл қасиеттердің бәрі мектеп мұражайларын басқарып отырған адамдарға тән.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мұражайдың, оның жұмысы құрылымының, сондай-ақ оны ұйымдастыру мен қызметінің міндеттері туралы негізгі теориялық және практикалық ақпарат беруге арналған.

Еліміздің білім беру ұйымдарындағы мұражайлардың қызметкерлері осы құралдың материалдарымен танысу және мұражай ісін ұйымдастыру кезінде қолдану мүмкіндігіне ие.

Қосымшалар

